

Ш. Бахытбек
А. Байғабыл

**ҚАЗАҚ ТІЛ:
ДІН САЛАСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

**Ш. Бахытбек
А. Байғабыл**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ: ДІН САЛАСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Астана, 2023

УДК 811.512.122
ББК 81.2Қаз
Қ17

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ әзірледі

Жалпы редакцияны басқарған:

Әлімбаева Г. – Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқыту орталығы» директоры.

Редакциялық топ:

Маханова П. – латыннегізді жаңа әліпбиді насихаттау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы;

Асхатова А. – қазақ тілі оқытушысы.

Пікір жазғандар:

Құламанова З. – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, филология ғылымдарының кандидаты, Құрметті профессор;

Спанов М. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қ17 Қазақ тілі: Дін саласы қызметкерлеріне арналған оқу құралы. Орта деңгейге арналған. – Астана, 2023. 104 бет

ISBN 978-601-7504-74-8

Қоғамда тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара іс-қимылының орнықты моделін қалыптастыра отырып, мешіттерде ислам негіздерін қазақ тілінде игеруін, сауатты және тиімді қызмет көрсетуін, ұлттық-рухани құндылықтар арқылы оқытуға бағытталған оқу құралы.

Ұсынылып отырған оқу құралы мешіт имамдарының сұранысы негізінде дайындалды. Жеті бөлімнен тұратын оқу құралы 50 сағаттық курсты қамтыған.

ISBN 978-601-7504-74-8

- © Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті, 2023
- © Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2023
- © Ш. Бахытбек, А. Байғабыл, 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы қоғамда тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара іс-қимылының орнықты моделін қалыптастыра отырып, мешіт имамдарының ұлттық-рухани құндылықтар арқылы ислам негіздерін қазақ тілінде игеруіне, сауатты және тиімді қызмет көрсетуіне бағытталған. Негізгі мақсаты – қай салада болмасын барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгерту және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету.

Ұсынылып отырған оқу құралы жеті модульден тұрады. Алғашқы модульде Әбу Ханифа мәзһабының негізі туралы, дін және оның ұлт тарихындағы орны, діннің негізгі идеясы мен ұстанымдарын қабылдау туралы түсінік қалыптастырса, келесі модульдерде ислам бойынша құқықтық негіздер, Құран Кәрім, хадис, мұсылманның парызымен жалғасып, Аллаға құлшылық етудің маңызы мен мәнімен қорытынды жасалады.

Оқу құралының әр бөлімі негізгі лексикалық тақырып бойынша жеңілден күрделігі ұласатын ой қозғау, пікір білдіру, өз ойын айту, сондай-ақ жаңа лексикалық қормен таныстыру, негізгі лексикалық тақырыпқа дайындық тапсырмаларын орындауға негізделген.

Тыңдаушылар сөйлеу біліктілігін жаттығулар арқылы жетілдіріп қана қоймай, тыңдап түсіну мен оқып түсіну қабілетін де қалыптастыра алады. Сондай-ақ мәтінмен жұмыс барысында грамматикалық элементтер қарастырылып, сөйлеу дағдысын сауатты қалыптастырып, өз ойын нақты, толық жеткізуге бағыттайтын тапсырмалар берілген.

Алдыңғы жылдардың тәжірибесіне сәйкес дін қызметкерлерінің пікірлерін ескере отырып, әр сабақтың мақсатына қарай бейнероликтер әзірленіп, QR кодтар арқылы берілді. Орта деңгейге арналған бұл бағдарлама бойынша тыңдаушы діни бағыттағы 900-ге жуық сөзді меңгеріп шығады және қазақ тілінде еркін уағыз айту мүмкіндігіне ие болады.

Оқу құралы мен бағдарламасы Дін істері комитетінің сараптауынан өткен Н. Анарбаев, Е.Қарақұловтың «Ислам ғылымхалы» кітабының негізінде дайындалды. Бағдарлама жасау барысында дін саласының қызметкерлерімен бірге жұмыс жасалды. Бағдарлама бойынша оқу курсы 50 сағатқа негізделген.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында жасалған жұмыс нәтижелі болады деген сеніммен мешіт қызметкерлерін қазақ тілін үйрену курсына шақыра ортырып, кемел білім алуына сәттілік тілейміз!

№	ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП	КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТ	САҒАТ САНЫ
I МОДУЛЬ. Иман әліппесі			
1.1	Имам Ағзам	<ul style="list-style-type: none"> • Әбу Ханифа мәзһабының негізі туралы айта білу 	2
1.2	Парыз. Уәжіп. Сүннет	<ul style="list-style-type: none"> • парыз, уәжіп, сүннеттің үкімімен танысу • парыздың түрлері мен сүннет жолын ұстанудың қажеттілігі мен пайдалары туралы айту 	2
1.3	Халал және харам деген не?	<ul style="list-style-type: none"> • мүбах пен харам туралы айта алу; • харамның үкімі мен мәкрүһ түсінігімен танысып, айта алу 	2
1.4	Құран тағылымы	<ul style="list-style-type: none"> • Құран Кәрімнің жинақталуы, жатталуы, жазылуы • сүре мен аяттар туралы айта білу 	2
1.5	Тазалық – иманның жартысы	<ul style="list-style-type: none"> • тазалықтың мәні мен маңызы; • дәреттің парызы, әдебі туралы; • ғұсыл сүннеті мен әдебі туралы айту 	2
II МОДУЛЬ. Пайғамбарлар тарихы			
2.1	Құранда аты аталған пайғамбарлар	<ul style="list-style-type: none"> • пайғамбарлар сипаттары мен міндеті; • Құранда аты аталған пайғамбарлар туралы айта білу 	2
2.2	Ақырғы пайғамбар – Мұхаммед (с.а.у.)	<ul style="list-style-type: none"> • пайғамбардың өмірі туралы айта білу 	2
III МОДУЛЬ. Намаз – ең ұлы құлшылық			
3.1	Намаз парыздығының дәлелдері	<ul style="list-style-type: none"> • намаздың мәні мен маңызы • намаз оқымағанның үкімі мен кімдерге парыз етілгені туралы айта алу 	2
3.2	Намаз түрлері	<ul style="list-style-type: none"> • парыз, уәжіп, нәпіл намаздары туралы айта алу 	2

3.3	Намаз парыздары	• намаздың 12 парызы туралы айта білу	2
3.4	Азан мен қамат	• азан шақырудың үкімі туралы айта білу	2
3.5	Жұма намазы	• жұма намазының діндегі орны, шарттары, жұма намазын оқу үшін қойылатын талаптар туралы айта алу	2
3.6	Имамдыққа ең лайықты адам	• имамда болу керек шарттар туралы түсіну және айта білу	2
IV. МОДУЛЬ Ораза			
4.1	Оразаның үкімі	• ораза кімдерге парыз? • оразаның парыздығы түсетін жағдайлар • ниет, оразаның сүннеті мен әдептері • оразаны бұзбайтын жағдайлар туралы айта білу	2
4.2	Оразаның түрлері	• парыз, уәжіп, нәпіл, мәкрүһ оразалар туралы айт алу	2
V МОДУЛЬ. Зекет және қажылық			
5.1	Зекеттің әдебі	• зекеттің пайдасы мен хикметі, шарттары • зекеті берілетін мал-мүліктің түрлері туралы айта алу	2
5.2	Пітір садақа және үкімі	• пітір садақа кімдерге уәжіп, уақыты туралы айту	2
5.3	Қажылық – сауабы мол қасиетті құлшылық	• қажылықтың үкімі мен шарттары • қажылық әдебі мен түрлері туралы айта алу	2
5.4	Қажылықтың парыздары	• Ихрам, Арафатта тұру, зиярат тауабы туралы айта алу	2
5.5	Ұмра	• Ұмраның парызы, шарттары туралы айта алу	2

VI МОДУЛЬ. Құрбандық			
6.1	Құрбандық шалудың тарихы	<ul style="list-style-type: none"> • Құрбан шалудың хикметі, үкімі • Құрбан шалу кімге уәжіп екендігі туралы айта алу 	2
6.2	Құрбан малының шарттары	<ul style="list-style-type: none"> • құрбанның мұстахаптары • құрбан шалу тәсілі • құрбандықтың мәкрүһтері туралы айта алу 	2
6.3	Құрбандықтың түрлері	<ul style="list-style-type: none"> • уәжіп және нәпіл құрбандықтары туралы айта алу 	2
VII МОДУЛЬ. Адамның негізгі міндеті			
7.1	Шүкіршілік	<ul style="list-style-type: none"> • Хақ тағалаға деген құлшылықтың мәні 	2
7.2	Мінәжат	Мінәжаттың маңызы	2

МАЗМҰНЫ

I

ИМАН ӘЛІПШЕСІ

1.1 Имам Ағзам.....	10
1.2 Парыз. Уәжіп. Сүннет.....	13
1.3 Халал және харам деген не?.....	16
1.4 Құран тағылымы.....	19
1.5 Тазалық – иманның жартысы	23

II

ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ

2.1 Құранда аты аталған пайғамбарлар.....	27
2.2 Ақырғы пайғамбар – Мұхаммед (с.а.у.).....	30

III

НАМАЗ – ЕҢ ҰЛЫ ҚҰЛШЫЛЫҚ

3.1 Намаз парызының дәлелдері.....	34
3.2 Намаз түрлері.....	38
3.3 Намаз парыздары.....	42
3.4 Азан мен қамат.....	44
3.5 Жұма намазы.....	47
3.6 Имамдыққа ең лайықты адам.....	50

IV

ОРАЗА

4.1 Оразаның үкімі.....	54
4.2 Оразаның түрлері.....	56

V

ЗЕКЕТ ЖӘНЕ ҚАЖЫЛЫҚ

5.1 Зекеттің әдебі.....	60
5.2 Пітір садақа және үкімі.....	63
5.3 Қажылық – сауабы мол қасиетті құлшылық.....	65
5.4 Қажылықтың парыздары.....	67
5.5 Ұмра.....	70

VI**ҚҰРБАНДЫҚ**

6.1 Құрбандық шалудың тарихы.....	73
6.2 Құрбан малының шарттары.....	76
6.3 Құрбандықтың түрлері.....	80

VII**АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ**

7.1 Шүкіршілік.....	85
7.2 Мінәжат.....	88

I МОДУЛЬ

ИМАН ӘЛПЕСІ

1-САБАҚ. НАМАЗ ПАРЫЗДЫҒЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

2-САБАҚ. НАМАЗ ТҮРЛЕРІ

3-САБАҚ. НАМАЗ ПАРЫЗДАРЫ

4-САБАҚ. АЗАН МЕН ҚАМАТ

5-САБАҚ . ЖҰМА НАМАЗЫ

6-САБАҚ. ИМАНДЫҚҚА ЕҢ ЛАЙЫҚТЫ АДАМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Өз есіміңіздің мағынасын білесіз бе?
- Лақап ат деген не?

2. Сәйкестендіріңіз.

Пәтуа

Автордың өзінің шын есімін ауыстырып қолданатын ойдан шығарылған есімі

Лақап ат

Белгілі білім жүйесінің түп-негізі, алғы бастамасы, абстрактілі түрдегі ең қысқа жалпылама мазмұны

Қағида

Айтылған ойдың шындыққа сәйкес келуін білдіретін ұғым

Хақ

Мұсылмандар бұлжытпай сөзсіз орындауға тиісті заң, міндет, парыз

Мәтінді оқып, аударыңыз.

ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ӨМІРІ Аты-жөні мен ататегі

Көпшілік ғалымдар Әбу Ханифаның шын аты ән-Нұғман ибн Сәбит ибн Зәута екендігін айтқан. Араб елінде лақап атпен атау құрмет-сыйды білдіреді. Алып имамның кең танымал лақап аты – Әбу Ханифа. Әбу Ханифа сөзінің негізі «Ханиф» сөзінің муәннәс (әйел текті) формасынан тарайтын араб әдеби тілінде «Тақуа құл» деген мағынаға саятын «Ханифадан» келеді. Ал Ирак диалектісінде «Ханифа» деп жазу құралын атаған. Яғни, имам Ағзам үнемі қаламды беліне тағып алып жүргендіктен солай аталып кеткен деген де көзқарастар бар.

Басқа да риуаяттарға зер салсақ, ғалымдардың айтуынша, «Әбу» сөзінің аудармасы «Әке» мағынасымен қатар, «иесі, өкілі, басшысы, жетекшісі», ал ханифа сөзі «хақ, тура жол» дегенді де білдіреді. Олай болса, Әбу Ханифа

деген сөздің мағынасы «Хақ жолдың бастаушысы, тура жолдың жетекшісі» дегенге саяды. Демек, Әбу Ханифа халыққа дұрыстығы әрі туралығымен танылғандықтан, қалың жұртшылық имамға «Хақ дін, тура жолдың басшысы» деп лақап тағып құрметтеген. Осы айтылған анықтамалардың қай-қайсысы да имам Ағзам Әбу Ханифаға әбден лайықты.

«ИМАМ АҒЗАМ ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫРЫ»
Алау Әділбаев, Имам Мади Түсіпхан
Алматы, 2015

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Әбу» сөзінің аудармасы қандай мағына береді?
2. Лақап аттың ислам дініндегі орны?
3. Әбу Ханифаның шын аты?

Грамматика

Бұйрық рай

Істің бұйрық мағынасын білдіретін етістіктің түрін бұйрық рай деп атайды. Бұйрық рай іс-әрекетке қозғау салу, түрткі болу мақсатында айтылады.

Жасалу жолы

Етістік + - айық/- ейік, -йық/-иік

I жақтың көпше түрінде бұйрық мәнінен гөрі ниет, тілек мәні басым болады. Мысалы:

- Дүкенге кім барады?
- Мен барайын.

II жақтағы бұйрық рай адамды әрекет етуге міндеттейді. Мысалы:

- Қонақтарды сен күтіп ал.

III жақтағы бұйрық рай -сын/-сін қосымшасы арқылы жасалады. Мысалы:

- Әуежайға кім барады?
- Мақсат барсын.

5. Суретке сәйкес бұйрық мәндес сөйлемдер жазыңыз.



6. Сөйлемдерді бұйрық мәнде аяқтаңыз.

1. Жамағатпен жұма намазына бар... .
2. Өзімізбен кітаптарды ал... .
3. Бүгінгі тақырыпқа байланысты бейнеролик көр... .
4. Бұл тақырыпты ертең айт... .



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз. Тапсырманы орындаңыз.



1. Тыңдалымда не туралы айтылды?
2. Әбу Ханифаның өмірі туралы қандай тың ақпарат алдыңыздар?
3. Бейнероликке байланысты өз ойыңызды білдіріңіз?



АЙТЫЛЫМ

Екі топқа бөлініп, пікірталас өткізіңіздер.



«Таңдалған ат
баланың болашағына
әсер етеді»

«Адамның есімі
оның тағдырына
әсер етпейді»

ПАРЫЗ. УӘЖІП. СҮННЕТ

2-САБАҚ

90-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

1. Әріптерді ретімен қойып, сөздер құрастырыңыз.

пауас - _____

лдә - _____

Ылмұнасм- _____

орбшы - _____

ртқеыа - _____

аулш брқұан - _____

Мәтінді оқыңыз.

Парыз – анық, бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер. Мәселен, дәрет алу, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру. Парыз өз ішінде «айн» және «кифая» болып екіге бөлінеді.

Парыздың өтелуінде зор сауап пен жақсылық бар. Мойнындағы борышын өтемегендер ақырет азабын тартады. Айта кететін бір жайт, кімде-кім парызды теріске шығарып, парыздығын қабылдамаса, діннен шығады. Алайда, парыз екенін мойындап, бірақ өтемесе, тек қана мойнында борыш болып қалады. Яғни, мұсылман – күнәкар деп есептеледі.

Сүннет – парыз бен уәжіптен бөлек, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жасаған және «жасаңдар» деген әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер. Сүннет үшке бөлінеді:

1. Мүәккәд сүннет (бекітілген сүннет);


2. Ғайру мүәккәд сүннет (бекітілмеген сүннет);

3. Зәуәид сүннет (артық сүннет);

Сүннеттің парыз секілді «айн» мен «кифая» бөлімдері де бар. Мысалы, рамазан айының соңғы он күнінде «иғтиқаф» жасау, тарауих намазында хатым түсіру – кифая сүннетке жатады. Парыз намаздарын жамағатпен оқу – айн сүннет болып табылады.

2. Сөзжұмбақты шешіңіз.

1. Адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.
2. Адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.
3. Адамның күнделікті өмірінде жетекші болатын ішкі қасиеттер.
- 4 Адамдардың туыстық негізде ғана емес, жалпы адамзатты бауырына тарта білуі, оларға қамқорлық көрсетуі.
5. Ел үшін кісілік көрсетіп, борыш, міндет, парызын орындауы.



3. Суреттен сүннет атауын табыңыз.





АЙТЫЛЫМ

4. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Сүннет пен
парыздың
айырмашылығы
неде?

Үтір мен айт намазы
қалай оқылады?

Сүннет сөздікте
қандай мағына
береді?

Сүннет намаздарды
оқымай-ақ қойса
болады ма?



ТЫҢДАЛЫМ



Видеоматериал бойынша өз ойыңызды айтып кетіңіз.

ХАЛАЛ ЖӘНЕ ХАРАМ ДЕГЕН НЕ?

3-САБАҚ

91-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.

Халал және харам деген не?

Халал дегеніміз – рұқсат етілген немесе заңды деген мағынаны білдіретін арабша термин, ал халалға қарама-қарсы – харам; тыйым салынған немесе заңсыз. Мұсылмандарға харам өнімдер мен қызметтерді тұтынуға тыйым салынады. Халал дегеніміз– құндылықтар жүйесі және өмір салты. Мұсылмандар тұтынатын және өмірдің барлық салаласында қолданылатын өнімдер мен қызметтер үшін қолданылатын қағидалар, құндылықтар және стандарттар жиынтығы.

Исламдағы халал тұжырымдамасының діни құндылықтар мен салауатты өмір салтын сақтаудың нақты көрсеткіштері мен пайдалары бар. Сондай-ақ, халал стандарттары болашақ ұрпақтың жақсы өмір сүруі және тұрақты орта үшін экологиялық сананың элементтерін біріктіреді. Ең бастысы халал түсінігі қалыпты орта мен қалыпты өмірге пайдалы құндылық. Халал сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер мен конфессиялардағы үйлесімді ортаны сақтай отырып, өзін-өзі құрметтеу мен тұтастықты талап етеді.

Харам – жасалуы мен пайдалануы Исламдық тұрғыдан қатаң тыйым салынған нәрселер. Ішімдік ішу, құмар ойындар ойнау, зина жасау, адам өлтіру, ғайбаттау, жала жабу, т.б. іс-әрекеттер осыған жатады. Харам етілген зат немесе іс-әрекет өзінің затына тән, жамандық пен ластық себебімен харам етілсе, бұл «тікелей харам» (харам ли-а'йниһи) деп аталады. Мысалы, доңыз еті мен арақ осыған жатады. Өз негізі мен сипаты үшін емес, сырттағы себептер арқылы харам болғанға «жанама харам» (харам ли-ғайриһи) делінеді. Мысалы, кез келген адал мал ұрланған жағдайда харам болады.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтін бойынша дұрыс немесе бұрысын табыңыз.

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
Ішімдік ішу, құмар ойындар ойнау, зина жасау, адам өлтіру, ғайбаттау, жала жабу, т.б. іс-әрекеттер халалға жатады.		
Халал дегеніміз – пайдалы деген мағынаны білдіретін арабша термин.		
Халал өнімді пайдалану біздің өмір салтымызға қатысы бар.		
Харамға аса тыйым салынбаған.		

2. Халал және харам сөздерін естігенде ойыңызға не келеді?

Халал:

Харам:

3. Сөйлемдерді *арам, адал* сөздерімен толықтырыңыз.

1. Қандайда бір нәрсені _____ ету не _____ ету құқығы Ұлы Жаратушыға тән.

2. _____ нәрсе жиіркенішті, әрі зиянды болып келеді.

3. _____ нәрсе жағымды әрі пайдалы.

4. _____ арам деу, арамды _____ деу Аллаға серік қосу болмақ.

Бұл мәселеде қулыққа басуға болмайды.

5. _____ алып баратын себеп те харам.

6. Жақсы ой, ізгі ниет _____ адал ете алмайды.

7. _____ нәрсе барлығы үшін әрі кез келген жерде _____.

8. Көбі _____ нәрсенің азы да харам.

9. _____ нәрседен пайда не шипа іздеуге болмайды.

10. _____ қияметке дейін _____ болып қала береді. Харам халалға айналмайды.

4. Мақалға тиісті есімшенің қосымшасын жалғап, аяқтаңыз.

А) Зекетсіздің малы сүндетсізге бұйыр _____.

Ә) Құдай қыл _____ ды былай қылма.

Б) Тамұқты көрме _____ ұжмақтың қадірін білмейді.

В) Шариғат кескен бармақ ауырма _____.

Г) Қол қолды таба _____.

Д) Шариғат жолды таб _____.

Грамматика

-ған/ -ген – қан/ -кен
-атын/ -етін –йтын/ -йтін
-мақ/ -мек –пақ/ -пек
-ар/ -ер –р/ -с

Есімше

бар+ған, көр+ген, ал+ған
ойла+йтын, көр+етін
сөйле+мек, ойна+мақ
жүр+ер, бар+ар, көрме+с

5. Өз тобыңызбен бірігіп сауалнама жүргізіңіз. Сауалнамадағы сұрақтарға жауап берген соң, алынған мәлімет негізінде тобыңы туралы есеп жазыңыз.

1. Халал тағамды жиі тұтынасыз ба?

3. Сіз үшін халал белгісі бар өнім маңызды ма?

2. Дүкенге барғанда тағамның құрамына қарайсыз ба?



АЙТЫЛЫМ

Жағдаяттық тапсырма.

– Сіз шетелде жүрсіз, бірақ адал ас таппадыңыз, не істейсіз?

– Досыңыз сізге бір кәсіп ұсынды. Оның адал жолмен таппағанын біліп тұрсыз. Бірақ ол баюдың ең оңай жолы. Сіздің әрекетіңіз?

ҚҰРАН ТАҒЫЛЫМЫ

4-САБАҚ

91-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқыңыз.

Құран тағылымы

Құран араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тура жолды көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) уахи арқылы түсірілген, оқылуының өзі ғибадат саналатын мәңгілік иләһи кітап. Құран – өзіне дейінгі түскен барлық парақтар мен кітаптарды қамтыған. Құран – санасы қанша жетілсе де, ақыретке дейінгі келетін күллі адамзаттың барлық рухани әрі заттық сұраныстарына жауап беретін, жеке тұлғалық, қоғамдық әрі әлемдік барлық проблемаларға қатесіз толық шешім айтатын, адамның санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, өзіне сеніп, шырақ тұтқан жандарды рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

Бүкіл мұсылман жұртының жансарайының шуағы мен тіршіліктегі темірқазығына айналған Қасиетті Құран Кәрім 610 жылы Жәбірейіл періште арқылы бүкіл адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) түсіріле бастады. Құранның алғашқы аяттары Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) 610 жылы Рамазан айында Хира үңгірінде Ұлы Жаратушыға мінәжат үшін барғанында нәзіл болғаны баршамызға белгілі. Алғашқы түскен аят «Алақ» сүресінің бастапқы 5 аяты еді.

Құран аяттарының түсуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) кейбір аяттар бірде ұзақ болып түссе, бірде қысқа, кейде сүре толығымен түсетін. Құран Кәрімге «Құран» деп Алланың өзі ат берген: «Шын мәнінде ол ардақты Құран» (56.Уақиға-77). «Құран» атауымен қатар, Китаб, Фурқан, Кәләмуллаһ, Хақ секілді атаулар да қолданыста кездеседі. Бұл атаулардың өзін және өзге Құранға қатысты атауларды Құранның ішінде көптеп кездестіруге болады.

1. Берілген үзінділер қай абзацқа сай келетінін тауып, нөмірлеңіз.

№ _____

• Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) кейбір аяттар бірде ұзақ болып түссе, бірде қысқа, кейде сүре толығымен түсетін.

№ _____

• Құран – Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

№ _____

• Қасиетті Құран Кәрім Жәбірейіл періште арқылы бүкіл адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) түсіріле бастады.

2. Мәтіннен төменде берілген сөздерге мағыналас сөздерді табыңыз.

Сөз	Мағыналас сөз
беймәлім	...
сыр	...
кемелдік	...
қасиетті	...

Сөз	Мағыналас сөз
мінәжат	...
мәңгілік	...
күллі	...
алғашқы	...

3. Діни сенімге дәлел болатын мақал-мәтелдерді табыңыз.

Мысалы

Хадис: «Алланың атымен басталмаған әрбір маңызды сөз бен іс шолақ».
Қазақ мәтелі: «Сөздің басы бісіміллә, бісімілләсіз іс қылма».

• Құран Кәрімде: «Әлемдердің Раббысы Алла қаламаса, қалай алмай-сындар».

Қазақ мақалы: «_____ дегені _____, _____ дегені болады».

• Құран Кәрімде: «...Қандай да бір жапырақ жерге түспесін, (Алла) оны да біледі...».

Қазақ мақалы: «_____ сынбас».

• Хадисте: «Бірдеңе сұрасаң, Алладан сұра. Жәрдем тілесен, Алладан тіле».

Қазақ мақал-мәтелі: «Аллаға сиынған _____, адамға сиынған _____».

• Хадисте: «Отбасыңа кірген кезде оларға сәлем бер. Ол өзіңе де, отбасыңа да береке әкеледі».

• Қазақ мәтелдері: «Сәлем сөздің – _____»; «Сәлем беру – _____, қайтару – _____».



ЖАЗЫЛЫМ

Дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Ең алғаш қандай сүре түскен?

- A) Бқылас сүресі
- B) Алақ сүресі
- C) Фатиха сүресі
- D) Ясин сүресі

2. Құранда неше сүре бар?

- A) 119
- B) 104
- C) 115
- D) 114

3. Құрандағы ең көп аяты бар сүрені көрсетіңіз.

- A) Ясин
- B) Ниса
- C) Бақара
- D) Қиямет

4. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қай жерде туған?

- A. Отырар
- B. Мекке
- C. Медина
- D. Басра

5. Алланың соңғы елшісіне (с.ғ.с.) қанша жасында пайғамбарлық берілді?

- A) 45 жасында
- B) 40 жасында.
- C) 39 жасында
- D) 43 жасында



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



- Не себепті Исмайылға Құран оқу одан сайын қиын бола түсті?
- Әңгіме бойынша өз ойыңызды айта кетіңіз.



АЙТЫЛЫМ

Топпен Құран оқу, Құранның түсуі, жазылуы, оның қасиеті жайлы диалог құрастырыңыз.



ТАЗАЛЫҚ – ИМАННЫҢ ЖАРТЫСЫ

5-САБАҚ

92-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінмен танысыңыз.

Тазалық – иманның жартысы


Кісінің намаз ғибадатынан бұрын жасайтын тазалығы «дәрет» деп аталады. Дәрет – намаздың кілті. Сондықтан мұндай тазалық жасалмаса, намаз оқуға болмайды. Құрандағы «Алғашқы кезінен бастап тақуалыққа негізделіп салынған мешітте (Құба мешіті) намаз оқуың әлбетте дұрыс. Ол жерде тазалықты жақсы көретіндер бар. Алла да таза болғандарды жақсы көреді» – деген аят намазға дайындалу үшін тазалыққа, яғни дәрет алуға ерекше мән берген Құба мешітінің жамағатына қатысты түскен. Сахаба Әнәс (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у) Құба жамағатына: «Тазалық мәселесінде Алла сендерді ерекше мақтауда. Мұның мәні неде?» деп сұраған кезде, олар «Біз іш дәрет алғанда (истинжа жасағанда таспен қатар) суды да қолданамыз», – дегенін жеткізеді. Жан тазалығымен қоса тән тазалығын да екі тізгін бір шылбыр қатар ұстанған мұсылман Алла тағаланың сүйікті құлдарынан болмақ.

Тазалық арқылы бір жағынан аяқ-қол, сақал-шаш кірден тазаланса, екінші жақтан иманның отауы саналған жүрек те жаман мінездерден арылады. Алла елшісі (с.а.у): «Тазалық – иманның жартысы», – дегеніндей осындай тазалық арқылы кісі берік иманға қол жеткізеді. Құл Раббысына құлшылық жасау ниетімен дәрет алып, тазаланса, жүрегіндегі ластық жойылып, иманы бекемделе түседі.

1. Дұрыс немесе бұрыс ақпаратты белгілеңіз.

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
Мәтін тек қана дәрет алу жайында.		
Истинжа жасағанда суды да қолданады.		
Тақуалыққа негізделініп салынған мешіт – Құба мешіті.		
Қол мен бетті жуып қана намаз оқи берсе болады.		

2. Дәрет алудың парызын реттілік бойынша нөмірлеп шығыңыз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Ислам ғалымдары Құран мен хадистерге қарап тазалықты төртке бөлген

Біріншісі – дене, киім мен намаз оқитын жерді кірден тазарту;


Екіншісі – ғайбат, харам жеу, қиянат жасау, т.с.с. күнәлардан тазалану;

Үшіншісі – жүректегі қызғаныш, тәкаппарлық, рияшылдық, қаскөйлік, т.б. жаман әдет, аурулардан тазалану;


Төртіншісі – жүректі Аллаһтан басқа нәрселерден тазаланып, «Аллаһтан басқа Құдай жоқ» таухидінің жүректен толық орын алуы.

3. Жан тазалығы мен тән тазалығына жататын сөздерді теріп жазыңыз.

Жан тазалығы



Тән тазалығы



Берілген сөздер: тырнақ, иманға толы жүрек, сүйіспеншілік, беті-қол, аяқ, көркем мінез, тіс, көз, құлақ, мұрын тазалығы, шаш пен сақал-мұрттың күтімі, әурет тазалығы.

4. Мақалды жалғастыр.

1. Тазалық – саулық негізі.
2. Жасыңда салақ болсаң,
Бара-бара _____ боларсың.
3. Дәрігер дәрімен емдемейді.
4. Қимыл шынықтырады,
_____ емдейді.
Ұйқы _____.
5. _____ дегенше,
Ауырмаудың жолын ізде.
6. _____ дегенше,
Қорадан шықпай өлдім де.
7. Жан ауырса, тән азады,
_____, жан азады.



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, тиісті сөздерді орнына қойыңыз.



1. Адамдар ұйқыдан ояғанда немесе тамақ ішер алдында _____.
2. Тазалық _____ ғана шектелмейді.
3. _____ әрбір мұсылманның міндеті.



АЙТЫЛЫМ

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Дәретті бұзбайтын қандай жағдайларды білесіз?
- Дәреттің сүннеттері әуелі неден басталады?
- Мұсылман ғалымдары көрсеткен тазалықтың үш түрін атаңыз.

II МОДУЛЬ

ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ

1-САБАҚ, ҚҰРАНДА АТЫ АТАЛҒАН ПАЙҒАМБАРЛАР

2-САБАҚ, АҚЫРҒЫ ПАЙҒАМБАР– МҰХАММЕД (С.А.У)

Мәтінмен танысыңыз.

Құранда аты аталған пайғамбарлар

Алла Тағала адамдарға тура жолды көрсету үшін көптеген пайғамбар жіберді. Олардың алғашқысы Хазіреті Адам (оған Алла риза болсын) болса, соңғысы Хазіреті Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) екені әмбеге аян. Асылында әрбір үмметке бірер пайғамбар жіберілгендігі Құранда ашық түрде баян етіледі (қараңыз: 35.Фатыр-24, 10.Юнус-47). Бірақ жер бетіне хақ дінді тәблиғ ету үшін жіберілген пайғамбарлардың нақты саны белгісіз. Құранда пайғамбарлардың саны жайында мәлімет жоқ, тек хадисте – 124 мың, екінші бір риуаятта – 224 мың пайғамбардың адамзатқа келіп кеткендігі айтылады.

Енді Құранда аты аталған 25 пайғамбарға жеке-жеке қысқаша тоқтала кетейік:

1. Хазіреті Адам (оған Алла риза болсын): Адамзаттың алғашқы атасы әрі алғашқы пайғамбар. Аллаһ Тағала оны жоқтан бар етіп, топырақтан жаратқан. Кітап ретінде Хазіреті Адамға (оған Алла риза болсын) 10 парақ түскен. Риуаят бойынша ол араб түбегінде 930 жыл өмір сүрген екен.

2. Хазіреті Идрис (оған Алла риза болсын): Хазіреті Адамнан (оған Алла риза болсын) кейін Құранда аты аталатын пайғамбар. Хазіреті Идриске (оған Алла риза болсын) байланысты Құранда төрт аят бар. Оған 30 парақтан тұратын кітап түскен. Адамзат тарихында ол алғашқы садақ атуды, тігін тігіп, жазу жазуды бастаған адам ретінде мәлім. 360 жыл өмір сүргендігі жайында риуаяттар бар.

3. Хазіреті Нұх (оған Алла риза болсын): Хазіреті Адам (оған Алла риза болсын) дүниеден өткен соң, адамдар уақыт өте келе хақ діннен шығып, жасанды пұттарға табынуға көшті. Оларды таухид сеніміне, хақ дінге шақыру үшін Аллаһ Хазіреті Нұхты елші етіп жібереді. Хазіреті Нұхтың айтқанына құлақ аспаған қауымына Аллаһ Тағала жаза ретінде топан суды тоғытып, жаңа нәсіл шығарады. Хазіреті Нұхтың өмір сүру мерзімі 950 жылға созылған.

2. Мәтін бойынша төмендегі ақпараттарды сәйкестендіріңіз.

Хазіреті Адам

Өмір сүру мерзімі 950 жылға созылған.

Хазіреті Идрис

25 пайғамбардың есімі ғана аталады.

Хазіреті Нұх

Оған 30 парақтан тұратын кітап түскен.


Құранда

Аллаһ Тағала оны жоқтан бар етіп, топырақтан жаратқан.

3. Берілген сөздерді осы шаққа айналдырыңыз.

Созылған – _____
Сүрген – _____
Делінген – _____
Аталған – _____
Айтылған – _____
Жаратқан – _____
Түскен – _____
Бастаған – _____
Шығарған – _____
Жіберген – _____

4. Сөзжұмбақты шешіңіз.



1. Құдайдың ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен оның талаптарын мойындауға шақыратын, адамды Құдаймен байланыстыратын адамды қалай атаймыз?

2. Адамзаттың алғашқы атасы әрі алғашқы пайғамбар.

3. 100 жыл неге тең?

4. Ислам дінінде өте маңызды саналатын, жамағатпен орындалатын апталық ғибадат.

5. Бес парыздың бірі.

6. Намаз кезінде алда тұратын адам, рухани жетекші, мұсылман қауымдастығының басшысы.

7. Қасиетті кітап.

5. Тақырыпқа байланысты білетін мәліметіңізбен бөлісіңіз.



ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді тыңдаңыз, сұрақтарға жауап жазыңыз.



3. Неліктен кейбір хадис әлсіз дейді?

1. Видеоролик бойынша қандай жаңа мәліметпен таныстыңыз?

2. Ең алғашқы пайғамбар кімнен бастау алады?

АҚЫРҒЫ ПАЙҒАМБАР – МҰХАММЕД (С.А.У.)

2-САБАҚ

92-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Ақырғы пайғамбар - Мұхаммед (с.а.у)

Алла Тағала Мұхаммед пайғамбарды басқа нәбилеріне қарағанда бірқатар ерекшеліктермен даралаған. Бұлардың кейбірін атар болсақ, онда Мұхаммед (с.ғ.с.) – пайғамбарлардың ақырғысы. Одан кейін пайғамбар келмейді.

Сондай-ақ Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) насихат қылған діні ертедегі пайғамбарлар сияқты белгілі бір қауымға ғана емес керісінше, бүкіл адамзатқа арналған. Заты мұсылманның барлығы соның үмбеті саналады. Олар пайғамбардың жасаған сүннетін орындап, оны қайтарған жаман нәрселерден сақтанады. Оның діні – адамды шыққан тегіне, нәсілі мен жынысына, ұлты мен этносына қарап бөлмейді. Оның діні адамды қоғамдағы мансабы мен қызметіне, әлеуметтік жағдайы мен дәулетіне қарап бөлмейді, барлығы тең.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) тарихтағы ең табысты адам болды. Ол (с.ғ.с.) Исламдағы соңғы пайғамбар бола отырып, барша адамзатқа үлгі болып қана қоймай, жетістікке жетудің жолдарын көрсетті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге табысқа жетудің қандай 7 қағидасын үйретті?

Біріншісі – мүмкін болатыннан бастау. Бұл қағида Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жұбайы Айша анамыз (р.а.) риуаят еткен хадисте: «Пайғамбар (с.ғ.с.) шешімдердің арасынан таңдау болғанда, ең жеңілін таңдайтын» (Бұхари) – деп баяндалған. Ғалым Бадруддин әл-Айни бұл хадиске түсініктеме бере отырып: «Яғни, дүние тіршілігінен жеңілрек нәрсені таңдау», – деген. Ең оңайды таңдау – қолыңыздан келгеннен бастау деген сөз, мұндай адам ақырында өз мақсатына жетеді.

Екіншісі – кемшіліктерден де артықшылықтарды көру. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде Мекке тұрғындары көп күрделі мәселелер мен қиындықтарға тап болды. Бірақ «Расында, әрбір қиындықтан кейін жеңілдік бар» (94:5-6) аяты мүміндерді шабыттандырды. Имам Матуруди өз тәпсірінде: «Шындығында, бір қиындықтың артынан екі есе көп жеңілдік келеді», – дейді.

Пайғамбардың (с.ғ.с.) **үшінші қағидасы** – іс-әрекет орнын ауыстыру, бұл пайғамбардың (с.ғ.с.) қоныс аударуымен (хижрамен) байланысты. Бірақ хи-

жра тек пайғамбардың тұрғылықты жерін ауыстыру ғана емес, ол стратегиялық қадам және Исламның таралуы үшін қолайлырақ орын табуы болды. Имам Шафиғи Аллаһу та’ала мұсылмандарға қиын жағдайдан шығудың жолын бергенін айтқан.

2. Мәтін бойынша етістіктерді тап.

3. Мәтін бойынша әңгімелеңіз.



4. Берілген сөйлемдердегі шылаулардың астын сызыңыз.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) насихат қылған діні ертедегі пайғамбарлар сияқты белгілі бір қауымға ғана емес керісінше, бүкіл адамзатқа арналған. Оның діні – адамның шыққан тегіне, нәсілі мен жынысына, ұлты мен этносына қарап бөлмейді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жұбайы Айша анамыз (р.а.) риуаят еткен хадисте: «Пайғамбар (с.ғ.с.) шешімдердің арасында таңдауға кезіккенде, ең жеңілін таңдайтын» (Бұхари) – деп баяндалған. Хижра тек пайғамбардың тұрғылықты жерін ауыстыру ғана емес, ол стратегиялық қадам және Исламның таралуы үшін қолайлырақ орын табуы болды.

5. Төмендегі сөздерден не түсінуге болады?

Пайғамбарымыз (с.а.у.) үш нәрседен сақтанатын:

1. Тартысудан және ұрысудан;
2. Қажетсіз сөйлеуден;
3. Өзін қызықтырмайтын іспен айналысудан.

Сол секілді өзгелер үшін де 3 нәрседен алыс тұратын:

1. Ешкімді сынамайтын;
2. Ешкімге тіл тигізбейтін;
3. Өзгелердің сырын білуді қаламайтын.



ТЫҢДАЛЫМ

Мәтінді тыңдап, суреттегі сөздермен сөйлем құраңыз.



ІІІ МОДУЛЬ

НАМАЗ – ЕҢ ҰЛЫ ҚҰЛШЫЛЫҚ

1-САБАҚ. НАМАЗ ПАРЫЗДЫҒЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

2-САБАҚ. НАМАЗ ТҮРЛЕРІ

3-САБАҚ. НАМАЗ ПАРЫЗДАРЫ

4-САБАҚ. АЗАН МЕН ҚАМАТ

5-САБАҚ . ЖҰМА НАМАЗЫ

6-САБАҚ. ИМАМДЫҚҚА ЕҢ ЛАЙЫҚТЫ АДАМ

НАМАЗ ПАРЫЗДЫҒЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

1-САБАҚ

93-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқып шығыңыз.

Намаз парыздығының дәлелдері

Аллаһтың бар екендігі мен даралығын біліп растау – ең үлкен парыз. Осыдан кейінгі парыздардың ең үлкені және ең маңыздысы – намаз. Намаз – жүректің нұры, рухтың күші, мұсылманның кереметі.

Намаз – сөздікте «дұға ету», «жақсы дұға ету» деген мағынаны білдіреді. Аллаһ Тағала Құранда: «Оларға дұға ет. Сенің дұғаң оларға рақымшылдық», – дейді. Шарифатта намаз – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сөздерден тұратын ғажайып ғибадат.

Намаз Исламнан бұрынғы илаһи (құдайлық) діндерде де парызды. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) бес уақыт намаз парыз етілмей тұрып, тек қана таң мен ақшам уақытында екі рет намаз оқылған. Кейін Миғраж түнінде бес уақыт намаз парыз болды. Намаздың парыздығы Құран, сүннет және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Құранның көптеген жерінде «Намаз оқындар және зекет беріндер» деп намаздың өте маңызды парыз екендігі білдірілген. Олардың кейбіріне мысал: «Барлық намаздарды және орта намазды сақтандар», «Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді», «Алайда, олар барлық бұрыс діндерден бойын аулақ ұстап, шынайы түрде Аллаһқа құлшылық етуден, намазды түп-тура оқудан және зекет беруден өзге нәрсеге әмір етілмеген болатын», «Намазды толық оқындар...».

Сүннеттен дәлелдер: Бұл туралы риуаят етілген көптеген хадистер бар. Бұлардың кейбіреуі:

«Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ислам бес нәрседен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, шамасы келсе қажылыққа бару және Рамазан оразасын ұстау».

«ИМАМ АФЗАМ ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫРЫ»
Алау Әділбаев, Имам Мади Түсіпхан
Алматы, 2015

1. Мәтін бойынша сөздерді орын тәртібімен қойып, сөйлем құрастырыңыз.

1. Растау, даралығын, біліп, парыз, екендігі, үлкен, ең, бар, мен, Аллаһтың.
2. Орта, және, сақтаңдар, намаздарды, намазды, барлық.
3. Жүректің, рухтың, мұсылманның, намаз, нұры, күші, кереметі.

2. Жағдаяттық тапсырма.



Алдыңызға намаздан мүлдем хабары жоқ адам келіп тұр. Оған намаздың парыз екендігін қалай түсіндіресіз?

Грамматика

Шылау

«Шылау» – дегеніміз сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына беретін көмекші сөздің бір түрі.

Жасалу жолы

Мен (пен, бен), да (де, та, те), не, не болмаса, яки, немесе, және, біресе, әрі, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі. т.б.

3. Тиісті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Аллаһтың бар екендігі мен _____ біліп растау – ең үлкен парыз. Намаз Исламнан _____ илаһи (құдайлық) діндерде де парыз. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) бес уақыт _____ парыз етілмей тұрып, тек қана таң мен ақшам уақытында екі рет намаз оқылған. Олардың кейбірі мыналар: «Барлық _____ және орта намазды сақтаңдар», «Расында, намаз

_____ арнайы _____ парыз етілді», «Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген бір _____ Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ислам бес _____ тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және _____ Елшісі екеніне _____ намаз оқу, _____ шамасы келсе _____ бару және Рамазан _____ ұстау».

4. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін ойды табыңыз.



Намазды оқу
шарттары жайлы

Хадистер
жайлы

Намаз
парыздығының
дәлелдігі

5. «+» белгісін қойып оқыңыз.

1. Аллаһтың бар екендігі мен даралығын біліп растау – ең үлкен парыз.
2. Намаз Исламнан бұрынғы илаһи (құдайлық) діндерде де парыз болмады.
3. Миғраж түнінде бес уақыт намаз парыз болды.
4. Миғраж түнінде алты уақыт намаз парыз болды.
5. Құранның көптеген жерінде «Намаз оқыңдар және зекет беріңдер» деп намаздың өте маңызды парыз екендігі білдірілген.
6. Намаз – сөздікте «дұға ету», «жақсы дұға ету» деген мағынаны білдіреді.
7. Шарифатта намаз – сәлеммен басталу керек.

6. Сөздердің мағынасын айтыңыз.

Куәлік ету

Парыз

Намаз оқу

Зекет

Дұға

7. Тиісті шылауларды қойып толықтырыңыз.

Аллаһтың бар екендігі даралығын біліп растау – ең үлкен парыз. Намаз – сөздікте «дұға ету», «жақсы дұға ету» мағынаны білдіреді. Намаз Исламнан бұрынғы илаһи (құдайлық) діндерде парыз. Құранның көптеген жерінде «Намаз оқыңдар зекет беріңдер» намаздың өте маңызды парыз білдірілген.

НАМАЗ ТҮРЛЕРІ

2-САБАҚ

93-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Намаз түрлері

Намаз үшке бөленеді:

- 1) Парыз
- 2) Уәжіп
- 3) Нәпіл

Ханифа мәзһабынан басқа мәзһабтар «уәжіп үкімі» дегенді қабыл етпейді. Олар парыз және нәпіл деп намазды екіге бөледі:

Парыз намаздар

Парыз намаздар – «айн парыз» (жалқы парыз), «кифая парыз» (жалпы парыз) болып екіге бөлінеді. Айн парыз намаз – балиғатқа толған барлық мұсылмандарға парыз, әрқайсысы оларды жеке-жеке іске асыруға міндетті. Айн парызға бес уақыт намаз бен жұма намазы жатады.

Жұма намазы – сол күнгі бесін намаздың орнына жамағатпен оқылатын екі рәкат намаз. Жұмадан кешіккен сол күннің бесін намазын оқиды.

Кифая намазы – бір мұсылман ғұмырдан өткенде әуелі жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы. Бұл намазды бірнеше мұсылман оқыса жетіп жатыр. Басқалары оқымағандары үшін жауапты болмайды. Намаздың сауабын оқыған ғана алады. Ал ешкім оқымаса бәрі күнәкар болады.

Уәжіп намаздар

Уәжіп намаздар – мұсылманның іс-әрекетіне байланысы жоқ және тікелей байланысы бар уәжіп деп екіге бөлінеді. Бірінші топтағы уәжіп намаздарына құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкат үтір намазы мен Рамазан және Құрбан айтта оқылатын айт намаздары жатады. Екінші топқа нәзір (атау) намазы, қателік сәждесі және басталып, аяқталмай бұзылған намаздың қазасы жатады.

Нәпіл намаздар

Парыз бен уәжіп намаздардан өзге намаздар «нәпіл намаз» деп аталады. Парыз намаздардың алдында және соңында оқылатын сүннет намаздар нәпіл намазға жатады. Нәпіл намазды сүннет намаздарынан бөлек дәрежеге жатқызылған ғалымдар да бар.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы Алматы, 2010

1. Мәтінге байланысты диалог құрыңыз.



Жұма намаз

Кифая намазы

Уәжіп намазы

Нәпіл намазы

2. Қажет сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.



Уәжіп намаздардан



Кифая намазы



уәжіп намазы



Рамазан



Жұма намазы



Құрбан айтта



Парыз

1. _____ сол күнгі бесін намаздың орнына жамағатпен оқылатын екі рәкәт намаз.
2. Ханафи мәзһабынан басқа мәзһабтар _____ дегенді қабыл етпейді.
3. _____ – бір мұсылман ғұмырдан өткенде әуелі жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы.
4. Бірінші топтағы уәжіп намаздарына – құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкәт үтір намазы мен _____ және _____ оқылатын айт намаздары жатады.
5. _____ бен уәжіп _____ өзге намаздар «нәпіл намаз» деп аталады.

3. Мәтін бойынша тест тапсырмасын орындаңыз.

1. Жұма намазы _____

А) мұсылманның іс-әрекетіне байланысы жоқ және тікелей байланысы бар уәжіп деп екіге бөлінеді.

Ә) сол күнгі бесін намаздың орнына жамағатпен оқылатын екі рәкат.

Б) бір мұсылман ғұмырдан өткенде әуелі жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы.

2. Парыз намазы қаншаға бөлінеді?

А) 2

Ә) 3

Б) 5

В) 8

3. Айн парызға қай намаз түрі жатады?

А) уәжіп намазы

Ә) ешқандай

Б) Кифия

В) бес уақыт намаз бен жұма намазы

4. Айн парыз намазын оқу кімдерге парыз болып есептеледі?

А) ересектерге

Ә) ақсақалдарға

Б) балиғатқа толған барлық мұсылмандарға

В) сатушыларға

4. Тақырыпқа сай келмейтін артық сөзді табыңыз.

Намаз, күнделік, балиғат, жас, оқушы, мұсылман, Жұма, намазы, шығыс, уәжіп, намаз, айн парызы, тағам, рәкат, нәпіл намаз, жаназа, құптан, гүл, тарих, Рамазан айы, айт, досым, қыз, есік, кифия, үкім.

5. Тиісті жерге жатады, болады сөздерін қойып сөйлемді көшіріп жазыңыз.


1. Намаздың сауабын оқыған ғана алады. Ал ешкім оқымаса бәрі күнәкар _____ .

2. Айн парызға бес уақыт намаз бен жұма намазы _____ .

3. Бірінші топтағы уәжіп намаздарына – құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкат үтір намазы мен Рамазан және Құрбан айтта оқылатын айт намаздары _____ . Парыз намаздардың алдында және соңында оқылатын сүннет намаздар нәпіл намазға _____ .

6. Берілген сөздердің орысша аудармасын табыңыз.

Парыз
Жауапты
Ғұмыр
Тыныс
Қателік



НАМАЗ ПАРЫЗДАРЫ

3-САБАҚ

93-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Намаздың парыздарын білесіз бе?
- Намазды қанша жастан бастап оқу керек?

Мәтінді оқып шығыңыз.

Намаз парыздары

Намаз балиғат жасына жеткен, ақылы толысқан әрбір мұсылманға парыз. Бірақ жеті жасқа келген балаларға намаз оқуды үйрету керек. Он жасқа келгенде намаз оқымаса, жай-жай ұруға болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Балаларға жеті жасқа келгенде намаз оқытыңдар, он жасына келгенде (намаз оқымаса жай) ұрыңдар және сол жаста төсегін бөлек салып беріңдер».

Бір күнде мұсылмандарға бес уақыт намаз – парыз. Атау (нәзір), үтір, және айт намаздары – уәжіп. Бір бәдәуи (шөл адамы) жайлы хадисте намаздың бес уақыт екені айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Бір күннің ішінде парыз етілген намаз бесеу», – дейді. Бәдәуи сонда: «Менің бұдан басқа борышым бар ма?», – деп сұрағанда, Аллаһ Елшісі: «Жоқ, егер өздігіңнен нәпіл намаз оқысаң, ол басқа», – деп жауап қайтарады. Сонда бәдәуи: «Сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етемін. Бұдан басқа не артық, не кем намаз оқымаймын», – деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді: «Сөзі рас болса, ол адам жәннатқа барады».

«ИМАМ АҒЗАМ ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫРЫ»
Алау Әділбаев, Имам Мади Түсіпхан
Алматы, 2015

2. Сөздердің мағынасын ашып жазыңыз.

Балиғат жасы

Парыз


Хадис

Борыш

Ақиқат

Жәннат

3. Екі топқа бөлініп өз пікіріңізбен бөлісіңіз.



4. Тиісті тыныс белгісін қойып, берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

1. Үйрету, жасқа, балаларға, намаз, керек, жеті, келген, оқуды:
2. Парыз, мұсылмандарға, уақыт, намаз, бес, күнде, бір.
3. Балиғат, жасына, арқылы, жеткен, толысқан, мұсылманға, парыз, намаз, әрбір.



АЙТЫЛЫМ

Пікір білдіріңіз.

Ислам дінін қабылдаған мемлекеттер
жайлы не білесіздер?

АЗАН МЕН ҚАМАТ

4-САБАҚ

94-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқып шығыңыз.

Азан мен Қамат

Азан – сөздікте «хабар беру, білдіру» мағынасын білдіреді. Терминге салсақ: парыз – намаздардың уақыттарын білдіретін арнайы айтылатын сөздер. Парыз намаздары үшін оқылатын азан Құран мен сүннет арқылы белгіленген. Исламда әуелінде дәл қазіргідей азан оқылмайтын. Тек қана «әс-салата, әс-салата» (намазға, намазға), немесе «әс-Салатул-жами'аһ» (намаз адамдарды біріктіруші) секілді сөздермен білдірілетін. Кейіннен хижреттің алғашқы жылдарында Мәдинада Пайғамбар мешіті салынып біткен кезде, сахабалар жиналып, Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге жамағат болып, намаз оқи бастады. Міне, сол уақытта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намаз уақыттарының жариялануы жайында сахабалармен мәжіліс өткізді. Кейбір сахабалар түсінде көрген азан оқылуын айтып, бұл да уахиден қуатталып, бүгінгі кездегі азан түрі пайда болды.

Ерлерге мейлі жеке, мейлі жамағатпен болсын парыз бен қаза намазға тұрар алдында қамат айту – мүәккад сүннет. Қаматтың сөздері азан сөздерімен бірдей. Тек қана «Хаййә аләл-Фәләх» дегеннен кейін: *قالدق ماتصلال ةال ق, ماتصلال ق* «қад қаматис-салааһ» (Намаз басталды) деп екі рет айтылады.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(Ханафи мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтін бойынша берілген сөздерге мағыналас сөздерді табыңыз.

А

1. Хабар беру
2. Бүгінгі
3. Әуелінде
4. Біткен
5. Жамағат
6. Мәжіліс

В

- А) алғашында
- Ә) жиналыс
- Б) білдіру, естірту
- В) жұрт, халық
- Г) жиналыс
- Ғ) қазіргі

2. Дұрыс жауаптың астын сызыңыз.

1. Кейіннен hijреттің алғашқы/соңғы жылдарында Мәдинада Пайғамбар мешіті салынып бастаған/біткен кезде, сахабалар жиналып, Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге жамағат болып, намаз оқи бастады.

2. Намаз уақыттарының хабарлануы/жариялануы жайында сахабалармен жиын/мәжіліс өткізді.

3. Ерлерге мейлі жеке/бөлек, мейлі жамағатпен болсын парыз бен қаза намазға тұрар алдында қамат айту – мүәккад сүннет.

4. Парыз намаздары үшін оқылатын азан Құран мен сүннет арқылы көрсетілген / белгіленген.

3. Сұрақтардың қайсы дұрыс немесе бұрыс?

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
Азан сөздерін айтқанда қозғалу керек пе?		
Құбылаға қарап тұрып айту қажет пе?		
Жас бала азан шақырған дұрыс па?		
Дәретсіз халде азан, қамат айтуға бола ма?		
Азан мен қаматтың айтылуында өзгешеліктер бар ма?		
Намаздарын үйде оқыған адамға «азан» айтып, «қамат» түсіру қажет пе?		



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Егерде қалада немесе ауылда мешітте азаншы азан шақыратын болса, үйде оқитын кісі не істеуі керек?
2. Мешіттен азан даусы естілмеген жағдайда не істейді?
3. Қаматтың ненің алдында айтылуы сүннет?
4. Қамат қандай жағдайда айтылмайды?
5. Әйел кісілер парызды қалай оқиды?



АЙТЫЛЫМ

Сіздің үйіңізге мешіт жақын ба? Азан даусы естіледі ме? Естілмеген жағдайда не істейсіз? Достарыңызға айтып беріңіз.



ЖҰМА НАМАЗ

5-САБАҚ

94-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінмен танысыңыз.

Жұма намазы

Жұма намазы – дінімізде өте маңызды саналатын, жамағатпен орындалатын апталық ғибадат.

Жұма күні тазаланып, мешітке ертерек барып, хұтба тыңдап, артынан намаз оқыған адамның алдыңғы жұма мен сол жұманың арасында жасаған күнәларының кешірілетіні жайлы Пайғамбарымыздың хадистерінде сүйінші хабар бар.

Мұсылмандардың жұма намазды оқу үшін бір жерге жиналулары жұма намазының осылай аталуына бірден-бір себеп болған. Хижреттен бұрын, яғни Меккеде жұма намазы жоқ еді. Аллаһ Елшісі «Ақабә» сертінен кейін Мұса'б ибн Умейрді Мәдинаға мұғалім етіп жіберді. Оған сол жерде бесін уақытында екі рәкат намаз оқуын әмір етті. Міне, сондықтан мұсылмандар Әсад ибн Зурараның Мәдина сыртындағы үйіне жиналып, жұма намазын оқи бастады. Негізінде жұма намазына байланысты аяттың Мәдинада түскенін және Аллаһ Елшісі алғаш жұма намазын хижрет кезінде Салим ибн Ауф тайпасына тиісті Рануна қойнауында оқығанын ойлап қарасақ, Әсадтың оқыған екі рәкат намазы жұма намазының парыздығынан бұрын болып, оқыған намаздарының бесін намазы екенін аңғаруға болады.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат
Алматы 2010

1. Мәтін мазмұнына сәйкес жұма намаздың тарихы мен ерекшелігін жазыңыз.

2. Берілген сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыз.

Сөзі

деген

мағынаны

«жиналу,
бас қосу»

білдіреді

араб

тілінде

Жұма

Жұма

Құран

намаздың

жамағатпен

хадис

және

бекітілген

парыздығы

3. Жұма намазына қойылатын талаптарды жазыңыз.

Грамматика

Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі салалас құрмалас сөйлем деп аталады.



АЙТЫЛЫМ



Жұма намазына қалай дайындалатыныңыз жайлы және қалай оқу керектігін достарыңызға әңгімелеп беріңіз.



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



- Намаздың парыз болу шарттары қандай?
- Әйел кісілерге жұма намазына бару парыз ба?
- Имамнан бөлек жұма намазында кем дегенде қанша адам болу керек?
- Жұма намазының бесін намазынан ерекшелігі қандай?

ИМАМДЫҚҚА ЕҢ ЛАЙЫҚТЫ АДАМ

6-САБАҚ

94-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінмен танысыңыз.

Бір үйде жамағат құрып намаз оқитын болса, ол шаңырақтың иесі немесе соның рұқсат берген адамы ғана намазға имам бола алады. Алла елшісі (с.а.у.): «Кімде-кім бір қауымға барса, оларға имам болмасын. Сол қауымның ішінен біреу имам болсын». Сол секілді бір мешітте тағайындалған имам болса, сол имам немесе соның рұқсат берген адамы ғана жамағатқа намаз оқыта алады. Ал мешіттен басқа жерде немесе имамы жоқ мешітте намаз оқитын болса, имамдыққа шығару үшін кейбір шарттар қарастырылады. Ханафи мәзһабы бойынша имамдыққа ең лайықты адамға қатысты кейбір шарттар көрсетілген:

- Үлкен күнәлардан бойын аулақ салатын және намаз оқуға жетерліктей Құран аяттарын білетін, әсіресе, намазға байланысты фикһ үкімдерін ең жақсы меңгерген адам имам бола алады;

- Имамдыққа анағұрлым тақуаларға өтеді. Тақуа-харам, мәкрүһ немесе күмәнді нәрселерден аулақ жүрген адам.

- Тақуалықта тең түссе, жасы үлкені имамдыққа өтеді. Өйткені жасы үлкендердің Алладан қорқынышы да артық болады. Және ең жасы үлкенін имам қылу жамағаттың көбеюіне де септігін тигізеді;

- Көркем мінезді болғаны. Егер Құранның үкімін білуде, тақуалықта, жас жағынан да тең түссе, мінез-құлқы жақсысы имамдыққа өтеді;

- Бұнда да тең түссе, жүзі жылы, ерекше нұрлысы имам болады. Өйткені көбінесе түнгі таһажжүд намазын оқығанның жүзі нұрлы болады;


- Егер бұл аталғандарда дәрежелері тең түссе, текті, даусы жақсы, киімі тазасы имам болады. Егер бұларда да тең келсе, араларында жеребе тастап, кімге түссе, сол имам болады.



1. Мәтін бойынша сөздерді сәйкестендіріңіз.

шаңырақтың	көбеюі
жамағаттың	жылы
жүзі	таза
даусы	иесі
киімі	меңгерген
үкімдерді	жақсы

2. Сөзжұмбақты шешіңіз.



1. ... мәзһабы бойынша соқыр адамның жамағатқа имам болуы мәкрүһ.
2. Имам болу үшін әуелгі шарт кім болу керек?
3. ... аяттарын білетін адам имам бола алады.
4. ...ды қабылдаған кісі имамдыққа лайықты.

3. Имамның бойынан табылу керек мінез бен қасиеттерді жазып шығыңыз?

4. Сураттегі адам кім? Ақпарат беріңіз.







ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Имамдыққа шықсаңыздар _____.
2. Кімде-кім өзі жалғыз оқыса _____.
3. Имамдыққа шыққанда _____ ескеру керек.
4. Үлкен намаздарда, көп халық келетін намаздарда _____ дұрыс.



АЙТЫЛЫМ

Имамға қойылатын шарттарды атап өтіңіз.

Мысалы:

1. Мұсылман болу керек.
2. Ақыл-есі дұрыс болу керек.
3. ...
4. ...



IV МОДУЛЬ

ОРАЗА

1-САБАҚ. ОРАЗАНЫҢ ҮКІМІ

2-САБАҚ. ОРАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ОРАЗАНЫҢ ҮКІМІ

1-САБАҚ

95-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқып шығыңыз.

Оразаның үкімі

Хақ Тағаланың: «Уа, мүминдер! Бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді», және «Сол айда болғандарың ораза ұстасын» дегеніне сай ауыз бекітуге жағдайы келген балиғатқа жеткен әрбір мұсылман ораза ұстауы – парыз айн. Бұл мәселеге Құранның осы аяты, сүннәт және ижмаъ дәлел.

Сүннәт мәселесіне келер болсақ, Расулуллаһ (солләл-лаһу ғаләйһи уә салләм) айтады: «Ислам бес нәрсеге негізделген: «Аллаһ Тағаладан басқа тәңір жоқ, Мухаммад (солләл-лаһу ғаләйһи уә салләм) Оның құлы, әрі Елшісі» деп куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, қажылыққа бару және Рамазан айында ораза ұстау».

Ижмаъқа келер болсақ, ғалымдардың барлығы Рамазан айының оразасы парыз екеніне бірауыздан келісіп, бірде-бір мұсылман бұл мәселеге қарсылық етпеген. Осы себепті оразаның парыздығын мойындамаған кәпір болады. Оразаның парыздығын мойындай тұрып, алайда ауыз бекітпеген адам ауыр күнә істеген болады.

Діндер тарихына көз жіберсек, Исламға дейінгі діндерде де оразаға ұқсас құлшылық түрінің болғанын байқаймыз. Мысалы, кельттердің ораза ұстағандығы, көне мексикалықтардың, перулықтардың, вавилондықтардың, ассириялықтардың оразаға ерекше мән бермегендіктері айтылады. Сонымен қатар даизм мен христиандықтар, индуизм, брахманизм, жаизм және т.б. діндердің де уақыты, мақсаты мен формасы жағынан әртүрлі болса да ауыз бекітудің құлшылық ретінде орындалғанын көреміз. Яғни, бұл Жаратушы парыз қылып міндеттелген оразаның адам баласын тақуалыққа, кемелдікке жеткізіп, рухани әлемінің сырларын бойлауға бастайтын ерекше құлшылық екендігінің дәлелі.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(Ханафи мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтінде қандай діндер туралы айтылған. Олар жайлы не білесіз?
2. Мәтіннен ұлттың атауы бар сөйлемді көшіріп жазыңыз.

2. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Діндер тарихына көз жіберсек, Исламға дейінгі діндерде де оразаға ұқсас құлшылық түрінің болғанын байқаймыз. Мысалы, кельттердің ораза ұстағандығы, көне мексикалықтардың, перулықтардың, вавилондықтардың, ассириялықтардың оразаға ерекше мән бермегендері айтылады. Сонымен қатар даизм мен христиандықта, индуизм, брахманизм, жаизм және т.б. діндердің де уақыты, мақсаты, мен формасы жағынан әр түрлі болса да ауыз бекітудің құлшылық ретінде орындалғанын көреміз. Яғни, бұл Жаратушы парыз қылып міндеттелген оразаның адам баласын тақуалыққа, кемелдікке жеткізіп, рухани әлемінің сырларын бойлауға бастайтын ерекше құлшылық екендігінің дәлелі.

3. Ораза айын қалай өткізесіз?

4. Нақыл сөздің мағынасын ашыңыз.

«Оразадан жан қиналмаған, тоқшылық заманнан қиналған. Себебі тоқшылық — ізгілікке де, зұлымдыққа да қуат берген».

Нарша Булгакбаев

5. Пікір білдіріңіз.



Ораза ұстау арқылы адам бойынан қандай өзгерістер байқауға болады?



ТЫНДАЛЫМ

6. Тындаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Оразаны қандай ниетпен ұстау керек?
2. Ораза ұстауды қанша жастан бастаған дұрыс?
3. Оразаны балиғат жасына толмаған балаларға ұстау міндет пе?

ОРАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

2-САБАҚ

95-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Берілген мәтінмен танысыңыз.

Оразаның түрлері

Ораза – парыз, уәжіп, нәпіл және мәкрүһ болып төртке бөлінеді.

Парыз ораза

Парыз ораза екіге бөлінеді:

1. Тағайындалған ораза: Рамазан оразасы.
2. Тағайындалмаған ораза: Қазаға қалған ораза мен

«Кәффарат» ретінде ұсталған оразалар. Имам Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша Рамазан оразасын қаза қылған адам өз ғұмырының қалаған уақытында (қаза оразасын) ұстай алады. Ал, Имам Шафиғидің көзқарасы бойынша қазаға қалған ораза, сол жылдың ішінде ұсталуы тиіс.

Уәжіп ораза

Бұл да екіге бөлінеді. Атау (нәзір) оразасы сияқты. Нақты уақыт белгілемей кез келген бір күні немесе бір айда тұтамын деп атаған ораза – тағайындалмаған уәжіп ораза. Бір нәрсеге аталған (нәзір) оразалар мен нәпіл оразалардың қазасын ұстау – уәжіп. Уәжіп оразаны да екіге бөліп қарастырамыз. Белгілі бір күнге арнайы аталған, яғни нәзір етілген ораза муайиэн уәжіп болады. Ал кез-келген белгісіз бір күн, апта немесе ай ішінде ұстауға ниет етіп, аталған ораза ғайри муайиэн уәжіп болады.

Нәпіл ораза

Бұл – сүннет, мұстахап, мәндүп болып үшке бөлінеді.

Мәкрүһ ораза

Мәкрүһ оразалар «тахриман» және «тәнзиһан» мәкрүһ болып екіге бөлінеді.

1. Тахриман мәкрүһ ораза. Рамазан айтының бірінші күні мен құрбан айтының төрт күнінде ұсталған оразалар тахриман мәкрүһ. Өйткені, ол күндер – Аллаһтың бізге ұсынған сый-сыяпатты, қуанышты күндері. Бұл күндері ораза ұстаған адам күнәкар болумен қатар оразасы жарамды. Мұндай ораза бұзылса, қазасы өтелмейді.

2. Тәнзиһан мәкрүһ. Тек қана ашура күні ораза ұстау, жұма күні ғана ораза ұстау және сенбі күні ғана ораза ұстау, наурыз күндерінде ораза ұстау – тәнзиһан мәкрүһ.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(Ханафи мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Берілген сөздердің орысша аудармасын табыңыз.

Ораза	подарок
Сый-сыяпат	радость
Жарамды	пост
Сүннет	допустимое
Қуаныш	сунна

2. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Ораза түрлері

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тахриман мәкрүһ оразасының ерекшелігі?
2. Рамазан айтының бірінші күні мен құрбан айтының төрт күнінде ұсталатын оразалар қалай аталады?



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіздер.



1.	Ораза қанша түрге бөлінеді?
2.	Парыз ораза қай айда орындалады?
3.	Нәзір оразаның үкімі?
4.	Шәуәл ораза деген не?



АЙТЫЛЫМ

Ой қозғаңыз. Мәкрүһ ораза жайлы қандай мәлімет алдыңыз?



V МОДУЛЬ

ЗЕКЕТ ПЕН ҚАЖЫЛЫҚ

1-САБАҚ. ЗЕКЕТТИҢ ӘДЕБИ

2-САБАҚ. ПІТІР САДАҚА ЖӘНЕ ҮКІМІ

3-САБАҚ. ҚАЖЫЛЫҚ - САУАБЫ МОЛ ҚАСИЕТТІ ҚҰЛШЫЛЫҚ

4-САБАҚ. ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

5-САБАҚ. ҰМРА

ЗЕКЕТТІҢ ӘДЕБИ

1-САБАҚ

95-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқып, аударыңыз.

ЗЕКЕТТІҢ ӘДЕБИ

Мұсылман адам байлығының зекетін беруді Алланың әмірі деп біліп, тек Алланың разылығын мақсат етіп, міндетсінбей шын ризашылығымен адал еңбекпен тапқан табысынан берген дұрыс. Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Берген садақаларыңды міндет қылу мен ренжітумен жоймаңдар» – деген.

Зекетті жақын туыстарының ішінде кедей, мұң-мұқтаждан арылмағандарға беру. Егер кедей туысы болмаған жағдайда басқа кедейлерді қарастыру. Сол сияқты бай адам алдымен өзі тұрып жатқан жердегі кедейлерге бергені абзал.

Зекетті берерде: «Уа, Алла тағалам, бұл берген зекетімді қабыл ет. Зекетімді алған адамның қажетіне жаратып, малын берекеттендіре гөр», – деп дұға етуге болады.

Зекет алған адам: «Алла тағалам, осы берген зекетін қабыл ал, әрі бұл дүниелік кірісін берекетті қыла гөр», – деп тілегені абзал. Абдулла ибни Әбу Ауф жеткізген хадисте: Пайғамбарымызға (с.а.у.) бір қауым зекетін алып келгенде: «Уа, Алла тағалам, пәленшенің отбасына рақым ете гөр», – деп дұға ететін. Бірде менің әкем зекетін алып келгенде: «Уа, Алла тағалам, Әбу Ауфтың отбасына рақым ете гөр», – деп дұға етті деген.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(Ханафи Мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Зекет дегеніміз не
2. Зекет кімдерге беріледі?
3. Зекетті қашан беру керек?



2. Сөздердің орын тәртібін дұрыс келтіріп жазыңыз.



1. Бірі зекет бес парыздың.
2. Малды кемітпейді садақа ешбір.
3. Бұйыар зекетсіздің сұндетсізге малы.
4. Зекет жаман бітсе бермес адамға мал.

3. Ребустың шешімін табыңыз

”

”

””

””

”

,

”



4. Қажет сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.



Мұсылман _____ байлығының зекетін беруді Алланың _____ деп біліп, тек Алланың разылығын _____ етіп, міндетсінбей шын ризашылығымен _____ еңбекпен тапқан табысынан берген дұрыс. Егер кедей туысы _____ жағдайда басқа кедейлерді қарастыру. Сол сияқты _____ адам алдымен өзі тұрып _____ жердегі кедейлерге бергені абзал.

адам, әмірі, мақсат, адал, болмаған, бай, жатқан



ТЫҢДАЛЫМ

Бейнероликті қарап, сұрақтарға жауап беріңіз.



- Зекетті қалай және қай кезде береді?
- Зекет сөзінің мағынасы қандай?
- Зекетті тек қана рамазан айында беру шарт па?



АЙТЫЛЫМ

Сұрақтар бойынша пікіріңізді білдіріңіз?



- Ақша мен тауардың зекеті қандай?
- Жыл өтпей жатып зекетін ертерек берсе бола ма?
- Қандай заттардан зекет беріледі?
- Әшекей заттардан зекет алына ма?

ПІТІР САДАҚА ЖӘНЕ ҮКІМІ

2-САБАҚ

96-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқыңыз.

Пітір садақа және үкімі

Пітір сөзі (араб тілінде) – «жаратылыс» деген мағынаны білдіргендіктен, кейбір ғұламалар пітір садақасын «дененің зекеті» деп атаған.

Пітір садақасы – күнделікті қолданылатын негізгі қажеттерінен тыс, кем дегенде, нисап мөлшеріндегі (85 г. алтын құнына тең) байлыққа ие адамға уәжіп садақа.

Пітір садақасы хижреттің екінші жылы, Рамазан оразасы парыз етілген жылы уәжіп етілді.

Пітір садақасы Ораза айт күні таң атысымен уәжіп болғанымен, бірнеше күн, тіпті бірнеше ай немесе жыл бұрын беруге де болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Осындай күнде (айт мейрам күні) кедейлерді қайыр садақа тілеуге мұқтаж етпеңдер», – деген. Бүкіл ел қуанып, тойлайтын мейрам күнінде пітір садақалары арқылы қажетті нәрселерін алып, кедейлердің де жұрт қатарлы жадырауын ойлаған Ислам діні – қандай керемет дін!

Түрлі себептермен аталмыш мерзімнен қанша кешіктірілсе де, пітір садақасы міндетті түрде берілуі тиіс.

Пітір садақасы әрбір нисап мөлшеріне ие азат мұсылман үшін – уәжіп. Пітір садақасы уәжіп болған мұсылман нисап мөлшерінде байлығы жоқ әйелі мен кішкентай балалары үшін де беруге тиіс.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМҒАЛИ
(Ханафи Мәзһаблы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

2. Мәтінді пайдалана отырып, жауапты белгілеңіз.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Пітір сөзі түрік тілінде «жаратылыс» деген мағынаны білдіреді		
Пітір садақасы әрбір нисап мөлшеріне ие азат мұсылман үшін уәжіп		



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Пітір садақасы қалай және кімге беріледі?
2. Пітір садақасы туралы ғұламалар қандай пікір білдірген?
3. Зекет деген не?



АЙТЫЛЫМ

Екі топқа бөлініп, пікір алмасыңыз.

I ТОП

Пітір садақаны жағдайы төмен адамдарға берген дұрыс

II ТОП

Садақаны барлық адамға бірдей беру керек

ҚАЖЫЛЫҚ – САУАБЫ МОЛ ҚАСИЕТТІ ҚҰЛШЫЛЫҚ

3-САБАҚ

96-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінді оқыңыз.

Қажылық – сауабы мол қасиетті құлшылық

Хаж (араб тілінде) – құрмет тұтылған қасиетті жерді зиярат ету мағынасын білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Сауд арабиядағы Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ғибадат ниетімен бір мезет тұру, сосын Қағбаны тауап ету және қажылықтың арнайы басқа амалдарын орындау арқылы атқарылатын ғибадат.



Қажылық – мұсылмандар үшін сабыр мен талпынысты үйрететін мектеп. Қажылық мектебі үздіксіз ғибадат жасату арқылы нәпсінің тізгінін тартып ауыздығын салады, мұсылман бауырларды бір-бірін сыйлап, сыпайылық танытуға үйретеді. Қажылық сапары барысында ешбір қайтарымсыз мал жұмсау, Аллаһ үшін не нәрсені болса да шығындау парасаты өседі. Жақсылық пен жамандықтың арасалмағы бағамдалып, Аллаһтың дұшпаны мен досының ақ-қарасы ажыратылады. Шайтанға тас атқан кезде, Қағбаны тауап еткенде, Мәдинаға ат басын бұрғанда, қара тасқа сәлем салғанда осындай терең ой құшағында тербеліп, ішкі жан сарайымыз тазарып сала береді.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМҒАЛИ
(Ханафи Мәзһаблы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Хаж (араб тілінде) – құрмет тұтылған жерді зиярат ету білдіреді. Қағбаны тауап ету және арнайы басқа амалдарын арқылы атқарылатын ғибадат. Қажылық сапарыешбір қайтарымсыз мал жұмсау, Аллаһ үшін не нәрсені болса да парасаты өседі. пен арасалмағы бағамдалып, Аллаһтың дұшпаны мен досының ажыратылады. Қажылық – мұсылмандар үшінменүйрететін мектеп.

2. Мақалды аяқтаңыз.



3. Өз араларыңызда сауалнама жүргізіңіздер.

Сауалнама тақырыбы: Қажылық сауабы туралы білесіз бе?



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Ақпаратта қай сүре жайлы айтылды?
2. Қажылықты кім үшін жасау керек?
3. Умраға бару үкім ба?
4. Қажылық қаншаға бөлінеді?

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

4-САБАҚ

96-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінмен танысыңыз.

Қажылықтың парыздары

Белгілі бір адамға қажылық ғибадатының парыз болуы үшін төмендегі шарттар орындалуы керек.

1. Мұсылман болу. Мұсылман еместерге қажылық парыз емес. Сондықтан мұсылман емес адам қажылық ғибадатын орындап болғаннан кейін Ислам дініне кірсе, шамасы жеткен жағдайда қайтадан баруы керек.

2. Ақыл – есі дұрыс және балиғат жасына жету. Балиғат жасына жетпеген балалар мен ақыл-есі дұрыс еместерге қажылық парыз емес. Бұл екеуі қажылықты атқарса, сосын бала балиғат жасына жетсе, ақыл есі кем адам жазылса, қажылықты шамалары жеткен жағдайда қайта орындаулары парыз. Жас баланың балиғат жасына дейінгі жасаған қажылығы – нәпіл қажылық саналады.

3. Азат болу. Қажылық ұзақ уақыт атқарылып, ұзақ сапарды талап ететіндіктен тұтқындарға, түрмедегілерге, құлдарға қажылық ғибадаты парыз емес. Өйткені, тұтқындарда ондай мүмкіншілік жоқ.

4. Уақыт. Арафат тауында арнайы белгіленген тұру уақыты мен зиярат тауабы уақытына өмірі жетпеген адам үшін қажылық парыз емес.

5. Қажылық ғибадатын орындауға шамасының жетуі.

а) Денсаулығының болуы.

Денсаулығы нашар, алып жүретін адамы жоқ соқыр, ақсақ, сал сияқты ауруларға ұшырағандарға және көлікке өздігінен міне алмайтын қарт кісілерге қажылық парыз емес.

ә) Қажетті қаражатының болуы.

Қажылыққа барып-келу қаржысын, жолда, қажылықта жейтін азығына және әйел бала-шағасының, жалпы қарауына міндетті адамдардың қажылықтан қайтып оралғанға дейінгі қаражатын көтере алатын адамға қажылық парыз.

б) Баратын жолдың сенімді болуы.

Қажылыққа барудың парыз болуы үшін жол сенімді болуы керек. Баратын жолда соғыс немесе басқа да қатерлі жағдайлар туындаса, қажылыққа бару парыз емес.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМҒАЛИ
(Ханафи Мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

Бұл тапсырмалар сөйлеу әрекетінің қай түріне жатады?

1. Мәтін бойынша қажылық ғибадатының парыз болуы үшін қандай шарттар орындалуы керек?

2. Шарттар орындалмаған жағдайда қандай жайттар орын алуы мүмкін?

3. Мәтінде айтылған ақпаратты ретімен орналастырыңыз.

- Азат болу.
- Уақыт.
- Қажылық ғибадатын орындауға шамасының жетуі.
- Мұсылман болу.
- Баратын жолдың сенімді болуы.
- Қажетті қаражаттың болуы.

4. Екінші топқа мәтін бойынша сұрақ дайындап, жауап алыңыз.

А тобы	В тобы

--	--

5. «Уақыт» сөзін тәуелденіз.

Тәуелдік жалғау

Тәуелдік жалғау – сөзді қатынасқа түсіретін қосымшаның бір түрі. Тәуелдік жалғау заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді. Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болып тұрады. Сол себепті, тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады.

Мәтінмен танысыңыз.

ҰМРА

Ұмра (араб тілінде) – зиярат ету деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – белгілі бір уақыттан тыс жылдың кез келген уақытында ихрамға кіріп, тауап және сағи жасағаннан кейін шашты алғызып немесе қысқартып, ихрамнан шығу жолдарымен атқарылатын ғибадат.

Ұмраның парыздары

1. Ихрамға кіру
2. Қағбаны тауап жасау

Ұмраның орындалатын уақыты

Жоғарыда білдіргеніміздей, ұмра ғибадатын кез келген уақытта орындауға болады, бірақ құрбан айт күндері орындау – тахриман мәкрүһ. Ұмраның Рамазан айында жасалуы абзал және сауабы мол.

Ұмра ғибадаты қалай орындалады?

Ұмра ғибадатын орындағысы келген адам миқатта ихрамға кіру үшін дайындалып, екі рәкат ихрам намазын оқығаннан кейін «Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін ұмра жасауды ниет еттім, ұмраны маған жеңілдет және менен қабыл ал», – деп ниет етіп, артынан тәлбия дұғасын айтып, ихрамға кіреді. Басқа уақыттардағы халал кейбір нәрселер ихрамды болған уақытта харам болады.

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(Ханафи Мәзһабы бойынша)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Мәтіннен етістіктерді теріп жазыңыз.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұмра деген не?
2. Оның қанша түрі бар?
3. Ұмра ғибадаты қалай орындалады?
4. Тәлбия дұғасы қай уақытта оқылады?

3. Берілген сөздердің қазақ тіліндегі баламасын табыңыз.

Сокращать -

Молитва -

Поклонение -

Путь -

Создание -



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



- Имам сөз басында қай сүре жайлы айтты?
- Қажылықты, ұмраны кім үшін жасайсыз?.....
- Ұмра жасау үкімі.....
- Қажылық түрлері.....

VI МОДУЛЬ

ҚҰРБАНДЫҚ

1-САБАҚ. ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ТАРИХЫ

2-САБАҚ. ҚҰРБАН МАЛЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

3-САБАҚ. ҚҰРБАНДЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ТАРИХЫ

1-САБАҚ

97-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз

1. Мәтінмен танысыңыз.

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ТАРИХЫ



Құрбан (араб тілінде) – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы – Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты.

Құрбан шалу – бағзы заманнан жалғасын тауып келе жатқан, әр пайғамбардың үмбетіне міндеттелген ғибадат түрі.

Құрбан шалу – Ибраһим пайғамбарымыздан (а.с.) жалғасып келе жатқан сүннет. Иә, Ибраһим пайғамбарымыз (а.с.) Аллаһ Тағалаға берген сөзінде тұрып, бауыр еті баласы Исмайылды Ұлы Жаратушысының жолында пидә ете алатындығын паш етіп, қиын сыннан өткен еді. Міне, құрбан шалу сол бір ғибратты оқиғаның ұмытылмас көрінісі.

Бәрә ибн Азибтің риуаяты бойынша: «Алланың Елшісі (с.ғ.с.): Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе, біздің сүннетімізге ергені. Ал, кімде-кім бұдан бұрын құрбандық шалатын болса, бұл құрбандықтың отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Мұның құрбандық болуы мүмкін емес». Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын». Осы хадистерден білетініміз намаздан бұрын шалынған құрбандық есептелмейді.

2. Төмендегі ақпараттарды мәтіндегі азат жолдармен сәйкестендіріңіз.

Ақпарат	Азат жол №
Ал кімде-кім бұдан бұрын құрбандық шалатын болса, бұл құрбандықтың отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ.	
Құрбан – Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты.	

Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбандық шалса, қайтадан шалсын».	
Ибраһим пайғамбарымыз баласын Ұлы Жаратушысының жолында пида ете алатындығын паш етіп, қиын сыннан өткен еді.	

3. Берілген сөздерге мәндес сөздер табыңыз.

Сөз	Мәндес сөз
Бағзы	
Ризашылық	
Ниет	
Пида ету	
Ғибратты	
Паш етіп	

4. Құрбан шалудың хикметтерін толықтырыңыз.

1. Құрбан шалу – Алланың сансыз нығметтеріне риза болып шүкіршілік ету.

1. Құрбан шалу – _____

_____.

1. Құрбан шалу – әлемдік деңгейде аталып өтілетін діни мейрам.

1. Құрбан шалу – _____

_____.

1. Құрбан шалу – Аллаға жақындатумен қоса, қоғамдағы басқа адамдармен де жақындатады.



ТЫҢДАЛЫМ

5. Тынданыз. Сұраққа жауап беріңіз.



1. Исмайыл не себепті әкесіне маңдайымды төмен қарат деді?
2. Мақсат қан төгу емес, басты мақсат не болды?
3. Ибраһим Исмайылды бауыздамақ боп жатқанда қандай дыбыс естіді?
4. Көктен не түсті?



АЙТЫЛЫМ

6. Сіз құрбандық шаласыз ба? Достарыңызбен құрбандық шалу тақырыбында сұхбат құрыңыз.

ҚҰРБАН МАЛЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

2-САБАҚ

97-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

1. Мәтінмен танысыңыз.

Құрбан малының шарттары

1. Құрбандық малдың дені сау, етті әрі дене мүшелері түгел, кеселден аман болуы керек. Ғұламалар құрбандыққа жарамайтын малдың бойындағы кемшіліктерді төмендегідей атап көрсетеді:

2. Соқыр;
3. Ауруға шалдыққан;
4. (Жүре алмайтындай дәрежеде) ақсақ;
5. Көтерем, арық.

Бұл жарамсыз малдардың сипаттарын Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Төрт мал құрбандыққа жарамайды: Анық соқыр, анық ауру, (жүре алмайтындай дәрежеде) көрініп тұрған ақсақ және жілігі көрінетіндей өте арық малдар»¹¹³³, – деп түсіндірген.

Егер біреудің құрбан шалуға әзірлеген малында бір кемшілік кейіннен пайда болса, Ханафи мәзһабы бойынша бұл малды құрбандыққа шалуға болады делінген.

2. Құрбан айт күндерінде шалынуы керек. Ханафилерде Құрбан уақыты – құрбан айт күні таң атқаннан бастап, үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. Ендеше құрбан шалу уақыты – үш күн. Бұл һижри жыл санақ бойынша Зулхижжа айының 10,11 және 12 күндеріне сай келеді. Ибн Омар және Али, Ибн Аббас (р.а.): «Құрбан күндері бас-аяғы үш күн. Бірінші күні құрбан шалу – абзал іс»¹¹³⁵, – деген.

3. Сойылатын мал құрбан ниетімен бауыздалуы керек. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Барлық амалдар ниетке байланысты», – деген. Тағы бір хадисте: «Ниетсіз амал жарамсыз» делінген. Өйткені кейде адам малды азық үшін сойса, кейде жоқ-жітікке тарату үшін немесе дүниеден өткен марқұмдардың атынан шалуы мүмкін. Бұлардың аражігін тек ниет қана ажыратып тұрады.

4. Құрбан шаларда «Бисмилләһи, Аллаһу әкбар» деп айту керек. Егер басқа біреуді өкіл ретінде тағайындап құрбан шалдырса, өкіл адамның «Бисмилләһи, Аллаһу әкбар» деп айтуы шарт. Тек құрбандық иесінің ғана «Бис милләһи, Аллаһу әкбар» деп айтуы жеткілікті емес.



2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Құрбан малына қанша түрлі шарт қойылады?

2. Құрбандыққа жарамайтын малдың бойындағы кемшіліктерді атаңыз.

3. Тек құрбандық иесінің ғана «Бис мил-ләһи, Аллаһу әкбар» деп айтуы жеткілікті ме?

4. Құрбан айт қанша күнге созылады?

5. Қай күні құрбан шалу абзал іс?

3. Дұрыс нұсқаның астын сызыңыз.

1. Құрбан шалу барысында құрбан малдың алдында **пышак/балта** қайрауға, құрбан малға **езгі/жақсылық** көрсетуге болмайды.

2. Құрбандыққа ең жақсы, семіз малды таңдау қажет. Еті дәмді болғандықтан, **ұрғашы/еркек малды** (қошқарды) бауыздаған абзал.

3. Құрбандықта бауыздау ғана міндет. Ал етін садақа ету – **сүннет/парыз**.

4. Кедей адам құрбан шалу ниетімен бір қой сатып алса, оған сол құрбандықты шалу уәжіп болады. Егер сатып алған малы ұрланса немесе жоғалса, оған **міндет/парыз** болмайды.

5. Құрбан шалу уақыты – **екі/үш** күн.

4. Тесттің дұрыс жауабын белгілеңіз.

1. Құрбандық не үшін және кім үшін шалынады?

А) Өзің үшін

Ә) Алла разылығы үшін

- Б) Отбасының амандығы үшін
- В) Мереке болғаны үшін

2. Құрбан шалу барлық адамға міндетті ме?

- А) Аса қажет емес
- Ә) Жағдайға қарай
- Б) Міндетті
- В) Сүннет

3. Құрбандық малының жасы қаншада болу керек?

- А) Қой-ешкінің жасы бір жас және алты айдан басталады
- Ә) Түйенің ең аз жасы – екіден басталады
- Б) Сиыр-бұқаның жасы – бес жастан
- В) Қой-ешкінің жасы бір жас және бір жарым жастан басталады

4. Бір малды қанша адам бірігіп шала алады?

- А) Сиыр сегіз (адам) атынан Құрбан шалынады
- Ә) Түйе де – сегіз (адам) атынан
- Б) Қой-ешкіге тек бір адам атынан
- В) Қой-ешкіні көбі екі адам атынан

5. Мерекелі құрбандықты әркім өзі шалу керек пе?

- А) Туысы болса болады
- Ә) Өзі шалу керек
- Б) Бауыры шалса да болады
- В) Досы шалса болады



ТЫҢДАЛЫМ

5. Тындаңыз, сөйлемді толықтырыңыз.



1. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің хадисінде құрбан шалған адамға құрбандық малының әрбір қылшығы үшін _____ жа-зылатынын айтқан.

2. Құрбандыққа _____ малдарын союға болады.

3. Ірі қара малы _____ жаста болуы керек.

4. Құрбандыққа шалынатын малды бауыздамастан бұрын _____ абзал болады.

5. Құрбандық етінің _____ бөлігін садақа ретінде мұқтаж жандарға берген дұрыс.



АЙТЫЛЫМ

6. Құрбандықты сіз қалай шаласыз? Сіз құрбандық шалғанда құрбан малының бөлігін садақа ретінде бересіз бе? Достарыңызбен осы сұрақтар жайында диалог құрастырыңыз.

ҚҰРБАНДЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

3-САБАҚ

97-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз



ОҚЫЛЫМ

Ханафилерде құрбан екі түрлі:

1. Уәжіп құрбан
2. Нәпіл құрбан

Уәжіп Құрбан

Бұл құрбан үш түрлі болып келеді:

а) Нәзір құрбан – көңілінде жүрген іс орындалған кезде немесе былай да Алла разылығы үшін бір малды атап шаламын дегендегі малы. Мысалы, ауырып жатқан адам ауруымнан айықсам, құрбандыққа бір мал шалам деп ниет еткен болса, ауруына шипа тауып аяғына тұрған жағдайда құрбан шалуы – уәжіп.

ә) Құрбан шалу ниетімен сатып алынған мал.

б) Әр жылы құрбан айтта адамдардың шалуға міндетті құрбандығы.

2. Нәпіл құрбан.

Уәжіп құрбанының қатарына жатпайтын барлық құрбандар нәпіл құрбандар болып саналады. Олар: ақиқа құрбаны, құрбан шалуы уәжіп болмаған кедей-кепшіктердің және жолаушылардың өз еріктерімен шалған құрбандары.

Құрбан малын бауыздамай жатып жүнін кесіп немесе сүтін сауса, құнын садақа қылады. Өйткені құрбан мал - Алла разылығы үшін, Жаратушыға бір табан жақындау ниетімен сойылатын мал.

Ақиқа құрбаны

Араб тілінде «Ақиқа» деп жаңа туған нәрестенің шашын айтады. Нәресте дүние есігін ашқанда немесе сәбидің шашын алатын күні Аллаға шүкірлік ретінде шалынған құрбан «ақиқа» деп аталады. Сәбиге жеті күн толғанда ақиқа құрбанын шалу – мұстахаб. Осы күні құрбан шалынғаннан кейін азан шақырып ат қойып, шашын алу және шашының салмағындай алтын немесе

күмістен садақа беру – сүннет. Фатима анамыз дүниеге Хасанды әкелгенде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм): «Нәрестенің шашын ал және шашының салмағындай күмістен садақа бер» деген (Ахмед).

1. Әріптерді ретімен қойып, сөздер құрастырыңыз.

Иқақа –
Рәзін –
Нұбрақ –
Іжпуә –
Лшінә –
Ахпатұсм –
Үсмiк –
Ышаулжо –

2. Берілген сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыз.

құрбан

кесіп

құнын

малын

жатып

садақа

жүнін

қылады

бауыздамай

жеті

күн

ақиқа

толғанда

мұстахаб

құрбанын

шалу

сәбиге

3. Құрбандыққа жарамды және жарамсыз малдарды жазыңыз.

Жарамды:

Жарамсыз:

4. Ережеге сүйене отырып, сөздерді байланыстырыңыз.

Құрбандыққа арналған буаз малы болса, төлін де құрбандыққа шалады	алайда	сол жағымен бауыздап жатқызған дұрыс.
Егер шалған құрбандарын қателесіп жеп немесе кедейлерге таратып қойса, бір-бірін кешіреді	және	екеуі бір мал болып саналады.
Құрбандық малдың жүзін құбылаға қаратып	өйткені	екеуінің біреуі құрбанның етін ысырап қылып, жоқ қылса құрбанның бірінші иесіне шығынын төлейді



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Құрбандық шалу кімдерге міндет?

2. Ұстаздың шәкіртке айтқан ақылы?

3. Құрбандық шалудың маңызы қалай жеткізілген?



АЙТЫЛЫМ

6. Өзара талқылаңыз. Мен үнемі құрбан шалғанда...

VII МОДУЛЬ

АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

1-САБАҚ. ШҮКІРШЛІК

2-САБАҚ. МІНӘЖАТ

ШҮКІРШІЛІК

1-САБАҚ

98-беттегі жаңа
сөздермен танысыңыз

Мәтінмен танысыңыз.

Шүкіршілік

Шүкір – жаратылыстың сыры, шүкір – дүниенің мәйегі, шүкір – адамдықтың рәмізі, шүкір ету – пенденің ең үлкен міндеті. Шүкір – жақсылық иесіне жақсылығы үшін қарыздар екенінді сезіну, оның алдында бас иіп, алғыс-рақметінді білдіру.

Міне, жаратылыста шүкір осыншалықты маңызды бола тұра, өкініштісі, адам баласының көбі бұл қасиеттен мақұрым. Құран Кәрім бұл шындықты: «Құлдарымның арасында шүкір етушілер өте аз», – деп ескертеді.

Иә, адам баласы кішкене ойланып-толғанса, өзін қоршаған қай нәрсенің болмасын Аллаһ тарапынан арнайы әзірленіп, адам баласының қызметіне ұсынылғанын түсінері сөзсіз. Тіпті, өзінің жоқтан бар етіліп, тіршілік иесі болуының өзі баға жетпес нығмет. Бірақ, бір қынжылтатыны, бұл нығметтің қадірін жете түсініп, Жаратушысына деген шүкірінен жаңылмайтын тіршілік иесі өте аз.

Мысалы, кездейсоқ келген апаттан бір адамды екінші бір адам құтқарып қалса, өлім аузынан қайтқан адам өміріне себеп болған әлгі адамға: «Мен саған бұдан былай қарыздар болып өтемін» – деп оның алдында құрақ ұшады. Істеген бір ғана жақсылығы үшін бас иіп, өмір бойы ізет білдірері сөзсіз. Ал енді бізді жоқтан бар етіп жаратып, әр ауа жұтып, тыныс алған сайын бізді бір өлімнен құтқарып, бір өмір сыйлаған Жаратушымызды ұмыт қалдырып, жақсылығы үшін алғысымызды білдірмеуіміз дұрыс па?

ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)
Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы
Алматы, 2010

1. Сөздердің қазақша аудармасын табыңыз.

благодарность

достоинство

доброта

думать

2. Сөйлемдерді үлгіге қарап аяқтаңыз.

Қажетті сөздер: *беру, арттыру, кешіру, ойлау + жіктік жалғау*

1

Шүкір етсеңдер, нығметті арттырамын.

2

Мені ойласаңдар, сендерді

3

Менен тілесеңдер

4

Кешірім сұрасаңдар,

3. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. Тіршілік иесі болудың өзі баға жетпес нығмет.

2. Шүкір – дүниенің мәйегі.

4. Жасаған жақсылығы үшін өмір бойы ізет білдірері сөзсіз.

.....



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Ғалымдар шүкіршілікті қалай бөлді?
2. Хәлмен шүкіршілік дегеніміз не?
3. Күпірлік деген не?
4. «Аллаһым мені аздардың қатарынан қыла көр» деген тіркес қалай түсіндірілді?

Біле жүріңіз

Мұсылман өз шүкіршілігін келесі үш жағдаймен білдіре алады:
Біріншісі – адам өзіндегі бар нығметті Алладан екенін мойындау;

Екіншісі – сол нығметтердің бәрін сізге нәсіп еткен Алла Тағалаға тіліңізбен мадақ айтып (әлхамдулилла), құлшылығыңызбен білдіру;

Үшіншісі – пенде ол нығметтерді тек Алла бұйырған орындарға ғана жұмсау.

Мәтінмен танысыңыз.

Мінәжат

Мінәжат – араб тілінен аударғанда сыбырлап сөйлеу, үнсіз егіліп тілеу, жалбарыну, тілек деген мағынаны білдіреді. Өтінішін Алладан сұрап жалбарыну дегенді білдіреді. Адамдар Жаратқанға сиынып, шексіз мейірімінен медет тілейді, мұң-мұқтажын айтып, қажетіне дауа сұрайды. Жан-тәнімен беріліп, жүрек түкпірінен шыққан тілегін айтады. Мұндай мінәжат риясыз болып, мекен, уақыт талғамайды. Исламдық дәстүрде мінәжат Аллаға мадақ ретінде қара сөз немесе өлең түрінде де келеді. Қаламгерлер туындыларын Аллаға мадақ айтумен аяқтап, соңында мінәжат ететін болған. Мұндай үрдіс сопылық поэзияда да кездеседі. Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикмет» кітабын «Минажат етті, міскін Қожа Ахмет» деп мінәжат етумен тәмамдаған. Сондай-ақ әнмен айтылатын мінәжат өлеңдері бар. Бастан-аяқ Аллаға арналған мадақ өлеңдер «Минажатнама» деп аталады, мұндай жырлар ислам әдебиетінде ерекше бағаға ие.

1. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

1. Қаламгерлер туындыларын Аллаға _____ аяқтап, соңында мінәжат ететін болған.
2. Жан-тәнімен беріліп, жүрек түкпірінен шыққан тілегін айтып жасаған мінәжат _____ болып, уақыт талғамайды.
3. Мінәжат – _____ Алладан сұрап жалбарыну дегенді білдіреді.
4. Сондай-ақ _____ айтылатын мінәжат өлеңдері бар.
5. Адамдар Жаратқанға _____, шексіз мейірімінен _____ тілейді, мұң-мұқтажын айтып, қажетіне _____ сұрайды.

2. Берілген сөздерге қарсы мәндес сөздерді табыңыз.

мейірім – ...

шексіз – ...

соңы – ...

аяқтау – ...

жақсы – ...

шығу – ...

3. Сөздерді ретімен қойып, сөйлем құраныз.

1. Алладан/ жалбарыну/ дегенді/ Өтінішін/ сұрап/ білдіреді.
2. ретінде/ Аллаға/ мадақ/ келеді/ қара сөз/ немесе/ өлең/ мадақ/ түрінде де.
3. мінәжат/ Мұндай/ риясыз мекен/ болып/ талғамайды/ уақыты.
4. аударғанда/ Мінәжат/ – тілінен/ араб/ аударғанда.
5. Сондай-ақ/ мінәжат/ әнмен/ бар/ өлеңдері/ айтылатын.



ТЫҢДАЛЫМ

Тыңдаңыз, сөйлемді толықтырыңыз.



1. Ризашылығыңыз бен _____
Құдайға айтыңыз.
2. Өзіңіздің жақтырмайтын нәрселеріңізді _____ .
3. _____ құпиялары жоқ адамдар бір-бірі-
нен ешқашан тартынбайды.



АЙТЫЛЫМ

Екі топқа бөлініп пікір алмасыңыз.

Сіз Аллаға мінәжат етуіңізді қалай жақсарта аласыз?

I топ

II топ

ЖАҢА СӨЗДЕР

I модуль. Бірінші сабақ Имам Ағзам

ДӘУІР – заман, мезгіл */эпоха, период/*. Қазақ тілінде «тарихи кезең» (ерте дәуір, кейінгі дәуір т.б.), «белгілі бір уақыт» (жастық дәуір, балалық дәуір т.б.), «дегені болып, билігі жүру» (дәуірі өрледі т.б.) тәрізді мағыналарда да қолданылады.

ҒАЛЫМ – білімдар, білімді */ученый/*. Қазақ тілінде «белгілі бір саланы ғылыми тұрғыдан кеңінен зерттеп, терең игерген маман» ұғымында қолданылады.

ҚҰРМЕТ – біреуге сый, ізет көрсету */почет/*. Қазақ тілінде «елді, жерді, тілді, рухани құндылықтарды т.б. қастерлеу, жоғары бағалау жиынтығы» ұғымында да беріледі.

КӨЗҚАРАС – көз тастау, көз тігу */взгляд, мировоззрение/*. Көзқарас — адамның, әлеуметтік топтың немесе тұтас қоғамның айналада болып жатқан үрдістерге және құбылыстарға қатысын айқындайтын дүниетанымдық категория. Көзқарас, дүниетанымды құрайтын элементтердің бірі болып табылады және оның қалыптасуы білім мен өмір бойы үздіксіз үрдіс негізінде жүреді. Көзқарастың қалыптасуы үшін философиялық, ғылыми, діни білімдердің және қоғамдағы үстем идеологияның әсері мол.

САЛТ – білгілі бір халықта қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын дәстүр, ырым, кәде */обряд/*.

ЛАЙЫҚ – жарамды, сай, қолайлы */достойный/*.

ШЫНАЙЫ – дәл мәніндегі, нағыз */истинный/*. Шынайы гүлдің шын бағасын бұлбұл ғана біледі (Маржан сөз).

ХАҚ – (араб тілінде) шындық, күмәнсіз ақиқат */истина/*. Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

ДӘРІС – оқу орындарындағы оқытушының тақырыпты түсіндіруі */лекция/*, сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі.

I модуль. Екінші сабақ Парыз. Уәжіп. Сүннет.

ПАРЫЗ – (араб.) міндет, борыш */долг/*. «Әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен».

ДӘЛЕЛ – */доказательство/* араб тіліндегі мағыналары «айғақ, дерек», «бетпе-бет мойындасу». Қазақ тілінде бірінші мағынасында ғана қолданылады.

ДІНИ – дінге тән */религиозный/*. Қазақ тілінде «дін тұрғысынан» деген мағынада да беріледі. XX ғасырдың басында «діни орталық» деген ұғымды білдіретін «діни мәркез» тіркесі жиі қолданылған.

ҮКІМ – «шешім, бұйрық», «билік, үстемдік» */приговор/*.

АЗАП – бейнет, қиындық */мучение, страдание/*. Діни түсінік бойынша «істеген күнәлары үшін берілетін жаза» деген ұғымда да қолданылады, осымен байланысты қазақ фольклорлық шығармаларында «азап оты» (тозақтағы азаптау оты), «азап үйі» (тозақ) тіркестері қолданылған.

I модель. Үшінші сабақ **Халал және харам деген не?**

ПАЙДАЛАНУ – белгілі бір затты пайдаға асырушы, керегіне, қажетіне жаратушы */использовать/*.

ҒАЙБАТ – (араб тілінде) өсек, жала сөз; өтірік сөз */сплетня/*.

ЗАҢДЫ – заңға сәйкес келетін, заңға үйлесімді */законный/*.

ӨНІМ – процестің немесе қызметтің нәтижесі */продукт/*.

ТҰТЫНУ – пайдалану */потребление/*. Олар топырақтан ыдыстар жасап күйдірген, зергерлік жасаған, ағаштан әртүрлі тұтыну бұйымдарын істеген (Ж.Еділбаев, Түркістан).

ҚҰРМЕТТЕУ – жеке тұлғаға сый-құрмет көрсету, ардақтау */уважать/*.

ТҰРАҚТЫ – өзгермейтін, ауыспайтын, орнықты */стабильный/*.

I модель. Төртінші сабақ **Құран тағылымы**

АДАМЗАТ – күллі адам баласы, адам, кісі */человечество/*. Сонымен қатар қазақ тілінде адамгершілік, гуманистік, моральдық мұраттары биік, ақыл-ой құндылықтары мен дүниетанымдық деңгейі жоғары жер бетіндегі күллі адамдардың жалпылама жиынтық атауы ретінде де қолданылады.

МӘҢГІЛІК – мәңгі бақилық, өмірлік */вечность/*.

КҮЛЛІ – бүкіл, барлығы, барша */все/*.

РУХАНИ – рухқа және көңілге байланысты болған, сенімге тікелей қатысты, материалдық емес хәл, күй, құндылық */духовное/*.

БЕЙМӘЛІМ – мәлім емес, белгісіз */неизвестный/*.

ҚАСИЕТТІ – қастерлі, ардақты, аса құнды */святой/*.

КӨМЕСКІ – бұлыңғыр, бұлдыр, күңгірт */неясный/*.

I модель. Бесінші сабақ

Тазалық – иманның жартысы

ТАЗАЛЫҚ – таза, кіршіксіздік */чистота/*.

МАҚТАУ – біреудің зор еңбегіне, істеген ісіне берілген жоғары баға */хвалят/*.

ОТАУ – жас отбасына арналып жаңадан тұрғызылған үй */семья/*.

МІНЕЗ – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік */характер/*.

НИЕТ – ықылас, пейіл, алдын ала болжайтын ой */намерение/*.

II модуль. Бірінші сабақ

Құранда аты аталған пайғамбарлар

ТУРА ЖОЛ – дұрыс бағыт-бағдар */прямой путь/*.

АЯН – белгілі, мәлім, айқын */откровение/*.

МӘЛІМЕТ – ақпар, хабар, білім, білік */информация/*.

СЕНІМ – бір нәрсеге, біреуге көзі жетіп иланушылық сезімі, жеке адамдар арасындағы не жеке адамдар мен қоғам арасындағы, қатынастың сапалық өлшемі; наным */вера/*.

ЖАЗА – сазайын алу, айыбын алу. Қазақ тілінде «істеген кінәсінің, қылмысының өтеуі» деген мағынада да қолданылады */наказание/*.

ЖАСАНДЫ – табиғи емес, қолдан жасалған */искусственный/*.

II модуль. Екінші сабақ

Ақырғы пайғамбар-мұхаммед (с.а.у).

АҚЫРҒЫ – соңғы, кейінгі */последний/*.

САҚТАНУ – сақ, қырағы, абай болу, қорғану */предохранение/*.

ҰЛТ – аймағына (тарихи) байланысты өткен замандағы барлық құрбан болғандар мен қиыншылықтарды, ата-бабалары жайлы жалпы естеліктер мен мифтерді естеріне сақтап, егер қажет болса, осындай қиыншылықтарды бөлісуге, бірақ бөлшектенбеуге дайын адамдар тобы */нация/*.

МАНСАП – қол жеткен лауазым, қызмет, атақ-дәреже, шен-шекпен */карьеря/*.

ҚЫЗМЕТ – жұмыс, еңбек, іс */деятельность/*. Қазақ тілінде «бір нәрсенің маңызы, орны» деген ауыспалы ұғымда да жұмсалады.

ДӘУЛЕТ – адамға біткен байлықтың, игіліктің когнитивтік метафоралық атауы, жеке адамның немесе қоғамның материалдық игілігінің молдығын, хәм баяндылығын білдіретін ұғым */богатство/*.

ҮЛГІ – өнеге, тәлім */пример/*.

ТАБЫС – белгілі бір жұмысты атқару нәтижесінде түсетін ақша; кіріс, пайда */доход/*.

III модуль. Бірінші сабақ Намаз парыздығының дәлелдері

МАҢЫЗДЫ – аса құнды, мәнді, маңызы зор */важный/*.

РУХ – шындықты, ақиқатты танып білуге түрткі болатын сана, ойлау сияқты психикалық ерекшеліктер */дух/*.

ДҰҒА ЕТУ – адамның өзінің немесе басқа біреудің арман-мақсатына жетуі үшін Алла Тағалаға жалбарынуы */молиться/*.

АРНАЙЫ – әдейі, әдейлеп */специальный/*.

БҰРЫС – келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері бұрылыс, алшақ */неправильный/*.

III модуль. Екінші сабақ Намаз түрлері

ҒҰМЫР – қазақ тілінде «уақыт, дәуір» деген ауыспалы мағыналарда да берілген */жизнь/*.

ЖАУАПТЫ – міндетті, борышты; жауап беретін (адам) */ответственный/*.

ДӘРЕЖЕ – атақ, лауазым */степень/*. Қазақ тілінде «мәртебе, бедел», «мемлекет тарапынан берілетін шендік белгі», «мақтаныш, абырой», «деңгей, меже», «шама, күй, мөлшер» тәрізді ауыспалы мағыналарда да қолданылады.

ҚАТЕЛІК – жаза басушылық, жаңылушылық, шатасушылық */ошибка/*.

ТАНЫС – көптен білетін, танымал */знакомый/*.

III модуль. Үшінші сабақ Намаз парыздары

ҮЙРЕТУ – білмегенді білдіру, оқыту */учить/*.

ТОЛЫСҚАН – есейгендік, ақыл тоқтатқандық */зрелый/*.

БӨЛЕК – басқа, бөтен, өзге */отдельно/*.

БОРЫШ – азаматтық міндет, парыз */долг/*.

АҚИҚАТ – «шын, рас», «шындық», «сопылыққа өтудің төртінші сатысы (пар.)». Қазақ тілінде бұл сөз «бұлтартпас шындық, бұлжымас заңдылық» ұғымында да қолданылады */истина/*.

АНТ – қазақ тілінде «қасиетті нәрсемен сендіру арқылы берілетін уәде», «заңға сәйкес міндеттерді орындауға халық алдында салтанатты түрде айтылатын серт» ұғымдарында қолданылады */клятва/*.

ЖӘННАТ – діни наным бойынша күнэдән пәк немесе күнәсі кешірілген жандардың о дүниедегі мәңгілік мекені, бейіштегі сегіз жұмақтың біреуі */рай/*.

III модуль. Төртінші сабақ

Азан мен қамат

СӨЗДІК – белгілі бір мақсатты көздеп, алфавитке түсірілген, басқа тілге аударылған немесе мағынасы түсіндірілген сөздер жиынтығы, лұғат */словарь/*.

МЕШІТ – мұсылмандардың құлшылық жасайтын, намаз оқитын үйі */мечеть/*.

МӘЖІЛІС – белгілі бір мәселені талқылап шешу үшін ұжым мүшелерінің бас қосқан отырысы, кеңес */заседание/*.

БІРІКТІРУШІ – ұйымдастырушы, көшбасы */объединитель/*.

ЖАРИЯ – анық, айқын, ашық, құпия емес */оглашение/*.

ЖЕКЕ – дара, жалғыз. Қазақ тілінде «өз алдына, бөлек», «өзіндік, өзіне тән», «оңаша» деген мағыналарда да қолданылады */отдельный/*.

III модуль. Бесінші сабақ

Жұма намазы

МАҢЫЗДЫ – аса құнды, мәнді, маңызы зор */важный/*.

ЖАМАҒАТ – жиналған топ, халық, жұрт */общество/*.

АПТАЛЫҚ – бір аптаға арналған іс-шара, бір апта бойы істелетін жұмыс, бір апта көлеміндегі іс */недельный/*.

СЕБЕП – дәйек, сылтау, салдар */причина/*. Қазақ тілінде «бір нәрсенің болу-болмауына әсер ететін жайт, түрткі» деген ұғымда да қолданылады.

ТАЙПА – бірнеше ру, аталардан құралатын әлеуметтік топ, этникалық қауымның, қоғамдық бірліктің бір түрі */племя/*.

ӘМІР ЕТТІ – бұйрық берді, жарлық етті */приказал/*.

III модуль. Алтыншы сабақ

Имамдыққа ең лайықты адам

ШАҢЫРАҚ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер, киіз үй сүйегінің негізгі бір бөлігі */шанырақ/*.

КҮНӘ – дінге, шариғатқа қайшы жасалған іс-әрекет */грех/*.

МЕҢГЕРУ – меңгер етістігінің қимыл атауы */освоение/*.

ЖҮЗ – бір нәрсенің беті, бет жағы */лицо/*.

ЖЕРЕБЕ – бірдеңеге кезек алу үшін не арадағы дауды әділ шешу үшін біртүстес нәрсені жасырын алудың атауы */жеребьевка/*.

IV модуль. Бірінші сабақ Оразаның үкімі

ЖАЛҚАУЛЫҚ – жұмысқа деген енжарлық, кежегесі кейін тартқандық */лодырничество/*.

ДӘЛЕЛ – араб тіліндегі мағыналары «айғақ, дерек», «бетпе-бет мойында-су». Қазақ тілінде бірінші мағынасында ғана қолданылады */доказательство/*.

СЫРҚАТ – меңдеген ауру, дерт */больной/*.

ЖОЛАУШЫ – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан және жалпы қолданыстағы көлікпен жүретін жеке тұлға */пассажиры/*.

ҚҰЛШЫЛЫҚ – құдайға сыйынып, табынушылық, діни парызын өтеушілік */поклонение, богослужение/*.

IV модуль. Екінші сабақ Оразаның түрлері

ОРАЗА – ислам дінінің бес шартының бірі. Сәресіде тамақтанғаннан кейін ниет етіп, күн батқанға дейін тамақтанудан, жыныстық қатынастан және басқа да нәрселерден өзін тыю */пост/*.

СҮННЕТ – жол, заң, әдет */сунна/*.

ҚУАНЫШ – бір нәрсеге қуанғандық, шаттық */радость/*.

ЖАРАМДЫ – күш-қуаты бар, жарайтын */допустимое/*.

V модуль. Бірінші сабақ Зекеттің әдебі

БАЙЛЫҚ – жеке адамның, қоғамның материалдық немесе материалдық емес игіліктері мен құндылықтарының категориялық мәні бар ортақ атау */богатство/*.

ӘМІР – бұйрық, жарлық, үкім */приказ/*.

РАЗЫЛЫҚ – разы болу, ризалық, қанағаттық */согласие/*.

МАҚСАТ – белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-сападағы көрінісі */цель/*.

МҰҚТАЖ – зәру, көмекке зәру адам */нуждающийся/*.

ИГІ – ізгі, жақсы */благотворный/*.

ҚАУЫМ – қоғам, ұйым, көпшілік, бұқара */община/*. Қазақ тілінде екінші мағынасы орныққан.

V модуль. Екінші сабақ

Пітір садақа және үкімі

ҒҰЛАМА – ірі ғалым, үлкен оқымысты */ученый/*.

МЕРЗІМ – уақыт, мезгіл */срок/*.

МӨЛШЕР – белгілі бір нәрсенің, заттың жалпы аумағын көрсететін шама, көлем */количество/*.

ЖҰРТ – қазақтың халықтық-мекендік, тектестік-тұтастықты білдіретін байырғы әлеуметтік ұғымы. Ол «халық» сөзімен мағыналас айтылады */публика/*.

ҚАЙЫР – жақсылық, қайырым, мейірім, рақым */милостыня/*.

V модуль. Үшінші сабақ

Қажылық-сауабы мол қасиетті құлшылық

ҚАСИЕТТІ – барлық аса киелі құндылыққа, мінәжатқа жататын нәрселер */святой/*.

АМАЛ – іс-әрекет, әрекет ету, әрекет жасау */действие/*.

САБЫР – шыдам, төзім */терпение/*.

ТАЛПЫНЫС – алға қойған мақсатқа жетем деген іс-әрекет; ілгері ұмтылыс */усилие/*.

ҮЗДІКСІЗ – тынымсыз, үнемі, ылғи, толассыз */постоянно/*.

ШЫҒЫН – бір нәрсеге жұмсалған қаржы */расход/*.

V модуль. Төртінші сабақ

Қажылықтың парыздары

ШАРТ – талап, міндет, борыш */условие, требование/*.

ПАРЫЗ – мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы */долг/*.

ДІН – наным-сенім, Құдайға құлшылық */религия/*.

САПАР – бет алып шыққан алыс жол, саяхат */поездка/*.

МҮМКІНШІЛІК – мүмкіндік */возможность/*.

ДЕНСАУЛЫҚ – адам ағзасының қалыпты жағдайы, есен-саулық, ауру-сырқаудан аман болу */здоровье/*.

V модуль. Бесінші сабақ

Ұмра

ЖЫЛ – он екі айлық мезгіл */год/*.

ҚЫСҚАРТУ – шектеу, азайту ұғымы */сокращать/*.

ҒИБАДАТ – құлшылық */поклонение/*. Алла тағала жақсы көретін барлық сөздер мен жасырын істер.

ЖОЛ – адамдардың, малдың, күш көліктердің үздіксіз жүрісінен ізденіп салынған соқпақ немесе сүрлеу */путь/*.

VI модуль. Бірінші сабақ Құрбандыққа шалудың тарихы

ЖАҚЫНДАУ – белгілі бір тұсқа тақау, таяу */подход/*.

НИЕТ – ықылас, пейіл, алдын-ала болжайтын ой */намерение/*.

МИНДЕТ – қазақ тілінде «орындалуға тиісті борыш, қарыз» деген ауыспалы мағынада қолданылады */задача/*.

КӨРІНІС – сыртқы дүниенің көзге шалынған сыртқы бейнесі, кескін-келбеті */вид/*.

СЫН – белгілі бір істі орындаумен байланысты сынақ, тексеріс, байқау */критика/*.

ОҚИҒА – болған іс, жағдай */событие/*. Қазақ тілінде «маңызы бар елеулі құбылыс» деген ұғымда да қолданылады.

VI модуль. Екінші сабақ Құрбан малының шарттары

КЕМШІЛІК – кемістік, олқылық, қателік */недостаток/*.

САУ – дін аман, он екі мүшесі бүтін */здоровый/*.

СОҚЫР – өру қабілетінен айырылған, жанары жоқ */слепой/*.

АҚСАҚ – бір аяғының мүкісі бар, ақсап басатын */хромой/*.

ӨКІЛ – белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның көзқарасын, мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам */представитель/*.

VI модуль. Үшінші сабақ Құрбандықтың түрлері

ШИПА – ауру, сырқауды сауықтыруға себеп болатын ем, дауа */излечивать/*.

КЕДЕЙ – мал-мүлкі, ішіп-жемі кем, хал-тұрымыс нашар (адам, ел) */бедный/*.

ҚҰН – адамға, затқа тән баға, қадір-қасиет */стоимость/*.

НӘРЕСТЕ – бір жасқа дейінгі сәби */младенец/*.

КҮМІС – халықтық қолөнерде кең қолданылатын ақ түсті металдың бірі */серебро/*.

САДАҚА – бір нәрсенің жолына айтылған, құрбан етілген зат */пожертвование/*.

VII модуль. Бірінші сабақ **Шүкіршілік**

ШҮКІРШІЛІК – Аллаға шүкір етушілік, тәубе қылушылық */благодарность/*.

АЛҒЫС – жақсылық жасағаны, ілтипаты, қызмет көрсеткені және т.б. үшін адамға (топқа, ұйымға) ризалық сезімі, өз тарапынан лайықты жауап беруі */благодарность/*.

ҚАДІР – сый, құрмет, бедел, баға, қасиет */достоинство/*.

ТІРШІЛІК – күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік */жизнь/*.

ЖАҚСЫЛЫҚ – қайырымдылық, ізгі іс, рақымдылық */доброта/*.

ТЫНЫС – дем алу, тыныстау, жанға жайлылық */дыхание/*.

ДҮНИЕ – осы дүниедегі өмір, тіршілік, өмір сүру */мир/*.

VII модуль. Екінші сабақ **Мінәжат**

ТІЛЕК – көңілдегі жақсы ой, орындалмақ игі арман, ұлы мақсат, мүдде */желание/*.

ӨТІНІШ – тілек, қалау, сұрау */обращение, просьба/*.

ДӘСТҮР – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы */традиция/*.

МАДАҚ – істелген іске, қол жеткен табысқа, ізгі қасиетке берілетін жоғары баға, мақтау сөз */восхвалять/*.

ТУЫНДЫ – ақын не жазушының шығармашылық еңбегі; шығарма */произведение/*.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Анарбаев Н., Қарақұлов Е. Ислам ғылымхалы. – Алматы: Таным баспасы, 2021. – 704 б.
2. Электронды ресурс: //https://www.muftyat.kz/kk (Алынған күні: 09.11.2023)
3. Сейфеддин Я. Негізгі діни мағлұматтар. – Алматы: Ислам, 2004. – 74 б.
4. Сейтбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 376 б.
5. Сайлауұлы Н., Ыбырайымұлы Е. Намаз оқып үйренейі. – Алматы: Көкжиек, 2013. – 64 б.
6. Қалдыбеков Н. Адал астың артықшылығы. – Алматы: Көкжиек, 2019. – 130 б.
7. Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: Көкжиек, 2014. – 272 б.
8. Балшыкеев С.Б. Дінтану негіздері. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2012 – 108 б.
9. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ: ДІН САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Редактор **С. Карыбаева**
Корректор **С. Карыбаева**
Беттеген **С. Ақыллов**

ISBN 978-601-7504-74-8



Басуға 14.11.2023 қол қойылды.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 6.5
Офсеттік басылыс. Әріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 1000